



# Университет

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№3 (209), мамыр, 2022 ж.

## Қымбатты әріптестер! Құрметті студент жастар!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 30 жылдығы және Отан қорғаушылар күнімен, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 77 жыл Жеңіс мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Егемен еліміз бүгінде ырысты ынтымақ пен берекелі бірліктің мерейлі мекеніне айналды. Қазақстанның ұлтаралық келісім мен пайымды парасаттылыққа негізделген үйлесімді саясатын халықаралық қауымдастық жоғары бағалауда.

Бүгінде елімізде 130-дан аса көп ұлтты халық тату-тәтті мекендеп жатса, Ал, біздің оқу орнымызда 30-дана аса әртүрлі ұлт өкілдері егемен еліміздің дамуы мен гүлденуі жолында аянбай еңбек етіп, білім алуға, Отанымызда тілі мен діни сенімі әртүрлі ұлттардың салт-дәстүрін сақтауға толық жағдай жасалған.

Отан қорғаушылар күні өзінің бастапқы кәсіби белгіленімінен әлдеқашан биік дәрежеге көтеріліп, Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін мерекесіне айналды.

Нақ осы күн Отанға сүйіспеншілік іспетті адами құндылықтардың тұрақтылығы және өлшеусіздігі, оның мүдделерін қорғауға әзірлік, патриотизм мен ерліктің барлық көріністері туралы айғақтайды.

9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Жеңіс күні бәріміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке.



Дана халқымызда «Бақ қайда барасың – ынтымаққа барамын» деген қанатты сөз бар.

Бәріміздің басты арманымыз кемел келісіммен бақытты өмір сүру. Осынау жасампаз жоспарымыздың ойдағыдай жүзеге асуы ең алдымен әрбіріміздің өзара түсіністігіміз бен қажырлы еңбегімізге тікелей қатысты. Біз басты байлығымыз – қоғамдағы келісім мен татулықты сақтау ісіне атсалысуға міндеттіміз.

Татулық, ынтымақ, достық – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның басты құндылықтары. Бірлік – еліміздегі саяси-экономикалық тұрақтылықтың басты әрі негізгі кепілі. Бағындырған белестеріміз бен жеткен жетістіктеріміз ауызбіршілік пен шынайы түсіністіктің жемісі.

**М. Әуезов атындағы ОҚУ, Басқарма Төрағасы-Ректор  
Қожамжарова Д.П.**

## Уважаемые коллеги и студенты!

Примите искренние поздравления с Днем единства народа Казахстана, 30-летием Вооруженных Сил Республики Казахстан и днем защитника Отечества, а также с 77-летием Победы в Великой Отечественной войне!

Все успехи и достижения независимого Казахстана – это результат искренней дружбы и взаимоподдержки всех граждан нашей страны. Несомненно, чтобы достичь этого нужно осознать всю меру ответственности за будущее нашего народа и государства. Дружба, уходящая своими корнями в глубокое прошлое, единство, взаимопонимание и добросовестный труд людей самых разных национальностей – вот надежный фундамент дальнейшего развития нашего общества.

9 мая – самый торжественный, самый близкий, самый дорогой и одновременно самый грустный праздник – день памяти всех тех, кто смог подарить нам мирное небо над головой и заслу-

женную свободу. Желаю новых надежд, процветания, счастья и неизменного благополучия.

Весна ассоциируется с началом новой жизни, расцветом всего живого и приливом сил, направленных на созидание. Пусть весенние праздники вдохновляют Вас на новые свершения и наполняют сердца любовью и теплом!

Пусть процветает дружба между людьми всех национальностей! Көктем мерекелері қазақстандықтардың ынтымағын жарастырып, ырысын арттырсын. Баршаңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

**Председатель Правления-Ректор  
ЮКУ им. М. Ауэзова  
Қожамжарова Д.П.**





## Стартовал прием заявлений на основное ент-2022



Стартовал прием заявлений на основное ЕНТ на сайте [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz). Он продлится до 14 мая.

В этом году абитуриенты получили две возможности сдать ЕНТ и претендовать на грант. При этом можно выбрать одну комбинацию профильных предметов на две попытки.

По итогам двух предыдущих ЕНТ-2022 (январь, март) средний балл тестируемых составил 68,5 балла, что выше результатов прошлого года. Более 70% участников смогли набрать проходные баллы, лучший показатель – 135 баллов.

Преимущество для выпускников – запуск Национальным центром тестирования бесплатных пробных онлайн-тестов. Вместе с тем продолжают бесплатные

онлайн-уроки от образовательных центров, разработанные совместно с НЦТ.

Для соблюдения академической честности тестовый вариант абитуриентов будет промаркирован. В случае нарушения правил и попытки выноса тестовых заданий за пределы аудитории Национальный центр тестирования сможет определить нарушителя, результаты которого будут аннулированы.

Количество предметов остается прежним, число тестовых заданий – 120. Из них по истории Казахстана – 15, по математической грамотности – 15, по грамотности чтения – 20 и по 35 заданий по двум про-

фильным предметам. Максимальное количество баллов – 140.

Абитуриентам с особыми образовательными потребностями впервые для выполнения ими заданий тестирования, помимо основных 240 минут, дано еще 40 дополнительных минут. Для них разработаны варианты тестов без рисунков, диаграмм и схем.

На апелляции абитуриенты могут подать в течение 30 минут после завершения тестирования. Сертификат будет доступен в личном кабинете тестируемого после принятия решения об апелляции.

## Делегация Казанского Федерального университета (Российская Федерация) в ЮКУ им. М. Ауэзова

26 апреля 2022 года Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова с официальным визитом посетила делегация Казанского Федерального университета (Российская Федерация) в составе и.о. ректора Казанского федерального университета Таюрского Дмитрия Альбертовича и советника ректора по Средней Азии Азимова Рашита Муразамовича. Цель визита – ознакомление с деятельностью университета и обсуждение вопросов сотрудничества по приоритетным направлениям образования и науки.

С приветственным словом выступили Председатель Правления-ректор ЮКУ им. М.Ауэзова Кожамжарова Д.П. и и.о. ректора Казанского федерального университета Таюрский Дмитрий Альбертович. В ходе встречи стороны обсудили возможности сотрудничества по направлениям исследовательской деятельности, открытия новых направлений подготовки обучающихся, открытия более 10 программ двойного диплома, расширения академической мобильности ППС и обучающихся и др., данное сотрудничество послужит в дальнейшем построению инновационной площадки для коллаборации ученых. По итогам встречи стороны договорились объединить усилия для реализации поставленных задач по результатам сегодняшнего обсуждения.

В рамках состоявшихся переговоров был подписан Меморандум о сотрудничестве между Казанским федеральным университетом и Южно-Казахстанским университетом имени М. Ауэзова.

В рамках визита делегации КФУ была представлена выставка научных достижений на тему «Векторы интеграции университетской науки в экономику региона» с участием ведущих ученых и преподавателей ЮКУ им. М. Ауэзова. Участники выставки продемонстрировали гостям научные достижения, которые были внедрены в развитие Южного региона. Также в рамках визита было организовано обзорное посещение Научно-исследовательских институтов и лабораторий ЮКУ имени М.Ауэзова.



## ШЫМКЕНТТЕ М.О. ӘУЕЗОВТІҢ 125-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Бүгін, 21 сәуір 2022 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде М.О.Әуезовтің 125-жылдығына арналған "ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – ұлт қазынасы" атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ашылды.

Іс шараны ашқан оқу орнының Басқарма Төрағасы-Ректор Д.П.Кожамжарова қатысушыларды құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Өз лебіздерін онлайн және офлайн режимде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі – Матыжанов Кенжетхан Ісметжанұлы; жазушы, мұхтартанушы, алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай; филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, абайтанушы және мұхтартанушы – Мемкетас Мырзахметұлы және ұлы жазушының ұрпағы, филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов мемориалдық мұражай-үйінің директоры Диар Асқарұлы Қонаев өз тілектерін білдірді.

Конференцияға шет елдік ғалымдар да қатысып, Женгиз Томар - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ректорының өкілі, Ахунбаев Адил - Ферғана политехникалық институтының «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы баяндама жасады.

Конференция жұмысы жалғасып, М.Әуезов атындағы ӘӘИ "Қолжазба және фольклортану" ғылыми-инновациялық орталығының директоры, филология ғ.к., профессор Төрәлі Еділбайұлы, филология ғ.к., профессор, Ха-

лықаралық Тұран академиясының академигі, халықтар Достығы орденінің иегері, мәдениет саласына еңбегі сіңген қайраткер Сейданов Қалдыбек баяндама жасады.

Сонымен қатар конференцияда "Мұхтартану" ҒО аға ғылыми қызметкері, фил.ғ.к., доцент Ақжол Қалшабек «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» тақырыбында, PhD, «Әлем тілдері» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушысы М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – Исабекова Гулнур «М. Әуезов мұраларындағы гуманистік идеяның сипаты» тақырыбында, Шымкент қалалық «Дарын» орталығының директоры Джеренова Раушан - «Мұхтар Әуезов туындылары қазақ жастарының мәңгілік мұрасы» тақырыбында және Қазақстан Республикасы суретшілер және кинематографистер одағының мүшесі Ходжикова Сауле "О произведениях Мухтара Ауэзова в киноискусстве Кулахмеда Ходжикова" тақырыбында баяндама жасады.

Конференция барысында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Мұхтартану ғылыми орталығының ғалымдары дайындаған «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» атты кітабының сонымен қатар М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары дайындаған 3 томдық «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы», 5 томдық «Ғашықтық жырлары» және 2 томдық «Ұлы даланың кене сарындары» кітаптарының да тұсаукесері өтті.





## Инновация дәуіріндегі университеттер - плющ лигасына қалай жетуге болады

Колумбия университетінің профессоры Джеффи Сакс қазіргі таңда Нобель Фэст Қазақстанның мақтанышына айналды деп атап өтті: «Нобель фестивалі - Қазақстанның ұлттық көшбасшылығының үлгісі. Nobel Fest-тің арқасында Қазақстанда болашақта ғылым жұлдыздары мен Нобель лауреаттары пайда болады» Бұл іс-шараға жоғары баға беру және Қазақстан ғылымының жаңа тарихи бетінің басталуы болып табылады.

Әрине, дәл осындай жобалардан еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандарды дайындауға қабілетті жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігі басталады, бұл «Білімді ұлт "сапалы білім беру" жаңа ұлттық жобасының міндеттерінің бірі болып табылады.

Фестивальдің бірінші күні еліміздің жоғары оқу орындарының ректорлары үшін пікірталас алаңы ұйымдастырылды. Фестиваль алаңында спикер ретінде отандық жоғары оқу орындарының даму перспективалары туралы пікірталас өткізілді:

- Ұланбатор Сүлейменов, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры.

- Ерлан Нысанбаев, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Басқарма төрағасының орынбасары.

- Бақытжан Әбдірайым, Астана медицина университеті директорлар кеңесінің төрағасы;

- Гүлзада Шауликова, КЕАК "Сафи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті" Басқарма Төрағасы ректор.

Сессияны білім беру саласындағы сарапшы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Саясат Нұрбек жүргізді.

Сессияның жұмысы барысында қатысушылар диджитал университетіне



трансформацияланып, дамыған экожүйеге ие бола отырып, өнімді адами капиталды құра отырып, заманауи трендтермен және серпінді идеялармен «қатар

жүретін» жоғары оқу орындары ғана жоғары мектептің әлемдік білім беру кеңістігінде көшбасшылық позицияға ие бола алатынын атап өтті.

## День работников науки Казахстана

12.04.22г. в ЮКУ им.М.Ауэзова прошло торжественное мероприятие посвященное «Дню работников науки Казахстана». Вступительной поздравительной речью выступил первый проректор Нурманбетов Кайрат Энбекшиевич.



В своем выступлении он отметил значение науки в современном мире. Наука является движущей силой социально-экономического развития общества. Значение науки трудно переоценить, особенно ярко это проявилось во время Всемирной пандемии коронавируса. Когда благодаря разработкам ученых мы смогли избежать более трагических последствий. В ходе выступлений ученых-ветеранов университета профессоры Байбулекова А.Б. и Нурашевой К.К. отмечены научные школы, традиции и приемственность поколений в вузе. Особенно ветераны подчеркнули, что молодые ученые несут достойно звание УЧЕНОГО ЮКУ им.М.Ауэзова. Особо отличившимся ученым университета были торжественно вручены почетные грамоты, благодарственные письма и денежные премии от руководства ВУЗа.



## М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ - «АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫ» ЖОО ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ МҮШЕСІ

2022 жылдың 13 сәуірінде өткен Академиялық адалдық Лигасы ЖОО қауымдастығының Жалпы жиналысының шешімі негізінде М.Әуезов атындағы ОҚУ Лига мүшелігіне қабылданды. Лига мүшесі ретінде университет академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын алға жылжыту және жүзеге асыру арқылы білім беру сапасын ілгерілетуді мақсат етеді.



# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бейнеүндеуі



## Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, Мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті.

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық. Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар.

Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.

27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады.

Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыста-

рына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

## Құрметті отандастар!

Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаңызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын!

Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін!

Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда!

Күшіміз – бірлікте!

Бірге болайық!

Береке-бірлігімізді нығайтайық!



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының саяси жүйесін модернизациялау және демократизациялауға бағытталған конституцияға түзетулер енгізу туралы ұсыныс жасады. Ұсынылып отырған өзгерістер конституциялық ықпал ету айналымындағы маңызды қоғамдық қатынастарды заманауи құқықтық реттеуді реформалау деп айтуға болады.

«Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттестігінің жаңа форматына өтеміз. Бұл сапалы өтуді Екінші республика деп атауға болады» деді Ел Президенті.

Менің ойымша, Президент ұсынып отырған түзетулер Еліміздің «Жаңа Қазақстан Республикасы» ретінде қалыптасуына бағытталған конституциялық реформа деп айтуға болады. Себебі, конституциялық құқық ғылымында мемлекеттік билікті қайта ұйымдастыруға және мемлекеттілікті сапалы өзгертуге бағытталған түзетулерді конституциялық реформа деп танылады.

**Заң факультетінің деканы  
Сарыкулов Курмангалы Рахимбердиевич  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент.**



Масштабная программа политических реформ с соответствующим внесением изменений и дополнений в действующую Конституцию РК предполагает переход от суперпрезидентской формы правления к президентской республике с сильным парламентом и другие направления.

В достижении этих целей представляются важными следующие предложения:

Парламент должен стать полнокровным законодательным органом; выполнять ключевые функции: законодательный и финансовый процессы, осуществлять контроль за исполнением государственными органами того и другого; утверждение на должность премьер-министра, его заместителей, министров закрепить за Парламентом; разработкой проектов законов должен заниматься профессиональный парламент;

Поддержать предложение о смешанной системе формирования мажоритарной и пропорциональной мажоритарной, но с изменением пропорции мажоритарных и списочных депутатов до двух третей «мажоритарщиков»; при этом закрепить право выдвижения кандидатов в депутаты от любых общественных организаций

Исключить положение о не преодолеваемом праве правительства блокировать законодательную инициативу депутатов своим отрицательным заключением;

Вернуть прокуратуре функцию общего надзора;

Продумать вопрос контроля (аудита) Счетным комитетом Парламента эффективности и целевого использования местного бюджета;

Усилить самостоятельность депутатов палат Парламента в вопросе снятия с должности членов правительства, министров за неисполнение законов или, наоборот, предусмотреть основания политической ответственности министр за результаты своей работы;

Усилить контроль маслихатов за местной исполнительной властью по кругу «местных» функций.

**Нуртазин Еркінбек Кадырбекович -  
к.ю.н., доцент кафедры «Государственно-  
правовые дисциплины»**



Справедливо считаем, что предстоящие изменения в Конституцию, в первую очередь, направлены на придание нового импульса дальнейшему развитию Казахстана как демократическому, правовому, социальному государству, в котором высшей ценностью являются свободы и права граждан, достоинство человека, его благополучие.

Успешная реализация инициатив Президента, по реализации программы политических реформ и ряда социально-экономических мер, которые предстоит осуществить в ближайшее время в целом, несомненно, существенно изменят политическую систему и административно-территориальное устройство страны в лучшую сторону.

Нет ни капли сомнения, что внесение изменений в Конституцию Республики Казахстан, способствует дальнейшему развитию института взаимодействия общества и государства в контексте концепции «слышащего» государства, формированию профессионального государственного аппарата, излечению от тотальной бюрократии как болезни, по системе подбора кадров, а также внедрению принципов меритократии, по реформе системы государственной службы.

**Заведующий кафедрой «Государственно-  
правовые дисциплины»  
Тлеулов Болатбек Эрнстович  
кандидат педагогических наук, старший  
преподаватель**




Еліміз үлкен өзгерістерге бет бұрды. Ал, қоғамдағы үлкен өзгерістерді конституциялық нормаларға түзету жасамай іске асыру мүмкін емес. Сондықтан президент Қ.Ж.Тоқаев саяси маңызды қадамдарға ден қояды. Реформа жасау үшін іргелі құқықтық қолдау қажет. Сол үшін осы өзгерістерді республикалық референдум арқылы өткізуді ұсынып отыр. Президенттің бұл ұсынысы «Жаңа Қазақстан» идеясын жүзеге асыру үшін жасалып жатқан қадам деп ойлаймыз. Елді жаңарту оңай жұмыс емес. Ол үшін халық пен саяси элитаның ауыз біршілігі керек. Оның үстіне қазіргі геосаяси жағдай өте күрделі болып отыр. Сондықтан президенттің бұл ұсынысын қолдау керек.

**Ақжол Қалшабек - филология  
ғылымдарының кандидаты, доцент.  
Мұхтартану ғылыми орталығының аға  
ғылыми қызметкері**



Необходимость проведения Республиканского референдума по внесению изменений и дополнений в Конституцию, вызвана тем, что Казахстан вступил на путь решительных преобразований во всех сферах жизни, которые носят фундаментальный характер и кардинально меняют политическую систему страны. Также данные поправки имеют историческое значение, и означают новый этап в развитии нашей государственности. Как сказал Президент Казахстана: - «... изменение Конституции через всенародное голосование станет яркой демонстрацией народного волеизъявления. Референдум позволит каждому гражданину принять непосредственное участие в решении судьбы страны и укрепит наш курс на всестороннюю демократизацию и построение Нового Казахстана».

**Заведующий кафедрой «Политология»  
Султанов Серик Аскарбекович  
кандидат политических наук, доцент**



На 31 сессии Ассамблеи народа Казахстана, являющемся консультативно-совещательным органом при Президенте, Глава государства К. Токаев выступил с предложением о проведении референдума по поправкам в Конституцию. Эта инициатива Президента подчеркивает как особую важность предложенных изменений и поправок в Конституцию, так и продолжение курса страны на дальнейшую демократизацию государственной политики.

Считаем предложение К. Токаева верным и правильным, так как предложенные им изменения и поправки в Основной закон государства, касаются важных вопросов государственной жизни страны, а значит касаются и каждого из нас как граждан суверенного Казахстана. Действительно, предлагаемый республиканский референдум - всенародное голосование по предстоящим поправкам в Конституцию, который выражает право граждан на добровольное участие и свободное волеизъявление независимо от национального языка, расы, вероисповедания, будет представлять собой одну из основных форм демократизации народного волеизъявления. Хотелось бы отметить и тот факт, что данный вопрос был поднят именно на сессии Ассамблеи Казахстана, объединяющей представителей всех наций и народностей многоконфессионального Казахстана.

Выражаем уверенность, что на предлагаемом Президентом референдуме все казахстанцы, как единый народ, воспользуются гарантированным Конституцией правом выразить свое мнение по важным государственным вопросам.

**Ст. преподаватель кафедры практического  
русского языка для ТС Байтенова Р.М.**



Президент нашей страны Касым-Жомарт Токаев выдвинул новые исторически важные для нашего общества политические реформы. Новый Казахстан это, в моем представлении, стратегия развития будущего нашей страны. В «Новом Казахстане» я вижу в ближайшей перспективе обновление общечеловеческих ценностей,

экономически развитое, построенное на демократических принципах с сильным парламентом общество. Для нас, ученых, работников высших учебных заведений основным вкладом в реализацию поставленных Президентом задач будет обучение и воспитание студенческой молодежи на новых принципах, основанных на получении качественных знаний. При новых подходах к процессам обучения и воспитания наши молодые специалисты на выходе будут отличаться высокими навыками, качественным уровнем знаний, конкурентными на рынке труда. Только так мы можем создавать новые наукоемкие производства, которые будут способны выпускать конкурентоспособную продукцию и создавать новые рабочие места. Вместе с тем, мы осознаем, что построение Нового Казахстана невозможно в короткий промежуток времени. Это довольно сложный и длительный процесс общественной трансформации, который требует от нас больших усилий и терпения. Я полностью поддерживаю выдвинутые инициативы нашего Президента, которые направлены, прежде всего, на стабильность общества и повышение уровня благосостояния народа Казахстана в долгосрочной перспективе.

**Надиров Казим Садыкович, профессор  
кафедры «Нефтегазовое дело» ЮКУ  
им. М.Ауэзова, Лауреат Государственной  
премии РК**



# Жеңісті жақындатқан батырлар

Соғыс... Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрі жалмап жұтатын ажал. Ұлы Отан соғысына әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Ата-ананы ұлдарынан, әйелдерді жарларынан, балаларды әкелерінен ажыратқан сұм соғыс. Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін ұмытылмас қайғылы жылдар болып қала берді. Бұл соғыс жастардың жүрегіндегі Отанға деген сүйіспеншілігі мен махаббатын көрсете білді. Ер азаматтар жау тылында жаумен арпалысса, аналарымыз тылда жұмыс жасады. Егін егіп, ер азаматтар жасайтын жұмыстарды өздері жасап, соғыстағы азаматтардың азық-түлігі мен қару-жарағын дайындап, барынша қолдау көрсетті.



Ұлы Отан соғыс кезінде он оқтын тоғызы Қазақстандағы Шымкент қорғасын зауытында құйылды. Қорғасын өнеркәсібіне қажетті мыстың 1/3-і қазақ жерінде өндірілді.

Биыл Ұлы жеңіс Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 77 жыл толады. Жеңіс күні – ұлы мереке. Бұл мереке - Отанын қорғаған жауынгердің асқақ айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерен еңбектерінің жемісі. Жеңіс күні - абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Отанға деген сүйіспеншілік, табандылық пен ерлік, қатал соғыста бізді Жеңіске жеткізді. Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді.

Ұлы Отан соғыс даласында жан аямай күрескен қаншама қазақстандықтарымыздың ерлігі дастан болып жазылып жатыр.

Қазақстаннан 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың арасында қазақ қыздары – пулеметші Мәншүк Маметова мен мерген Әлия Молдағұлова

бар. Төрт қазақстандық әскери ұшқыш – Талғат Бигельдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Сергей Луганский екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Біздің батырларымыз Сабыр Рахимов, Бауыржан Момышұлы, Сағадат Нұрмағамбетов сияқты өз атам Шәріпбек Мүлкібайұлы да осы тізімге, жеңісті жақындатқан жандарға қосудан тартынбаймын.

Сабыр Рахимов немесе «Темір генерал» – Ұлы Отан соғысының батыры, қазақ халқының ұлы, батыл командир. Ұлы Отан соғысын майор С.Рахимов мотоатқыштар полкі командирінің орынбасары болып бастады. 1941 жылдың жазында С.Рахимов Батыс майданда, Беларусияда және Смоленск облысында соғыстарға қатысты. Сабыр Рахимов дивизиясы үшін бұл шайқастардың ең қиын күні 23 қыркүйек болды – қарсылас оған қарсы 75 ұшақ, бес танктің қолдауымен үш жаяу әскер полкі, 11 танк және бронетранспортерлерімен шабуыл жасады. Рахимов дивизиясы қарсыласқа тойтарыс бере білді.

1943 жылы майор С.Рахимовқа генерал-майор атағы берілді, мұндай тез өсудің себебін оның сипаттамасынан алынған сөздермен түсіндіруге болады. «Мықты, сауатты, өсіп келе жатқан жолдас. Соғыс басталғаннан бері гитлер басқыншыларына қарсы майданда болды, жараланды және сауыққаннан кейін 353-ші атқыштар дивизиясына полк командирі болып жіберілді. Полк командирі кезінде ол жұмысты толығымен орындады... Жолдас, С.Рахимов барлық әскер тектерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыра алды және барлығын жауынгерлік міндетті орындауға бағыттап алды».

Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры армия генералы, Халық Қаһарманы орденінің құрметіне ие болған, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетов, сондай-ақ егемен Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі болды. С. Нұрмағамбетов соғыс кезінде майданда болып, өзі басқарған батальон майданда ерлік көрсетіп, ауыр шайқастарда жеңімпаз атанды.

Менің атам Шәріпбек Мүлкібайұлы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Түркістан қаласының тумасы және құрметті азаматы. Ол Түркістан педагогикалық училищесінде білім алып, мектептерде ұстаздық, аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, ішкі істер бөлімінде милицияның оперативті уәкілі болып қызмет атқарды.

1942-1945 жылдарда әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Сауаты мен тәжірибесі мол, қайрат мінезді, білімді кісі болғандықтан Шәріпбек атам соғыс кезінде жанжақты

әскери майдандарға қатысқан. Бірақ ол кісі соғыс туралы көп әңгіме айтпайтын. «Сендер біз көрген соғысты көрмей-ақ қойыңдар» деп естеліктерін бастайтын ол. Атам біз үшін ерлік пен батырлықтың үлгісі болды, алдыңғы шепте батыл соғысып, Отанына жеңіспен оралды.

Бейбіт уақытта Шәріпбек Мүлкібайұлы қандай қызмет істесе де, оны абыроймен атқарды. Құрметке бөленді. Оның жемісті еңбегі еліміздің наградаларымен аталып өтті.

Сол бір сұрапыл соғыста көкірегің оққа тосқан жандар жыл сай-

ардагерлерінің есімдері алтын әріптермен жазылған Даңқ мемориалына алып барамын. Оған 1941-1945 жылдардағы қасіретті соғыс туралы, өзімнің атам туралы үнемі айтып отырамын. Біз әрқашан Ұлы Отан соғыс ардагерлерін еске алып, олардың ерліктеріне тағзым етеміз. Осы тұста Асет Қасымовтың «Ерлікке тағзым» өлеңінің мына шумақтары еріксіз еске түседі:

Олар батыр, олар қайсар, ұлы рас,  
Ігі істерін жас ұрпақтар ұмытпас.  
Сіздер кешкен зілді тарих көнермес,  
Бейіттегі көнерсе де құлыптас.



**«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасының аға оқытушы Мұлықбаев Марат Шайзуллаевич**

**Фотода Шәріпбек Мүлкібайұлының шөбересі Мардан**

ын азайып бара жатыр. Өкінішке орай, енді Шәріпбек атам ортамызда жоқ, бірақ ізбасар-ұрпақтары балалары, немерелері, шөберелері бар. «Жақсы адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бекер айтылмаған шығар.

Жылда 9 Мамыр Ұлы Жеңіс күні мен ұлымды Ұлы Отан соғыс



# Поддерживать интерес молодежи к военному делу



В преддверии майских праздников военная кафедра НАО «Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова» провела День «открытых дверей» для учащихся школ и колледжей города Шымкент. Надо отметить, что во время пандемии, соблюдая необходимые санитарные требования того времени, в течение всего учебного года с ознакомительной целью военную кафедру регулярно посещали учащиеся старших классов школ и колледжей нашего мегаполиса.

В мероприятии участвовали около 300 человек. Перед учащимися и сопровождающими их учителями с речью выступил начальник военной кафедры полковник Жакып Амангельдиевич Кенжебаев, который поздравил гостей с наступающими майскими праздниками. Было отмечено, что в этом году Казахстан празднует юбилейную дату, 30-летие Вооруженных сил Республики Казахстан, уже много лет страна живет в мире и стабильности.

Гости ознакомились с деятельностью военной кафедры. Военная кафедра образована в 1963 году и имеет хорошую учебно-материальную базу, высококвалифицированных преподавателей, то есть все условия для военно-патриотического воспитания молодежи, обучения студентов университета военным специальностям и выпуска офицеров запаса.

Гостям были розданы буклеты с информацией о Южно-Казахстанском университете имени М.Ауэзова. Учащиеся смогли увидеть учебные стрелковое оружие, военные приборы, пострелять из пистолета Макарова ПМ и автомата Калашникова АК-74 в электронном тире, посетить автопарк и ознакомиться с учебной техникой: боевыми машинами пехоты БМП-1 и БМП-2, машинами войск радиационной химической и биологической защиты.

Неподдельный интерес вызвали у школьников школы-гимназии №1 имени А.С.Пушкина учебные стрелковое оружие, приборы, выставленные для показа на территории военной кафедры, учебном плацу. Надо заметить, что с 2021 года в некоторых средних учебных заведениях предмет «Основы военной подготовки» включен в учебную программу образования, начиная с 5-х кадетских классов.

Ученики 5-го кадетского и 10-х классов школы-гимназии №1 пришли с организатором-преподавателем по начальной военной и технологической подготовке (НВП) Мереем Мухановичем Тажибаевым. Молодой преподаватель после окончания Военного института Сухопутных войск по специальности «Офицер воспитательных структур» служил в различных войсковых частях Вооруженных сил Республики Казахстан. В настоящее время М.М.Тажибаев уже два года передает свой опыт, накопленный во время службы в войсках, своим ученикам и прививает им любовь к военному делу, своей Родине.

- Как Вы считаете, в 5-ом классе не рано ли приобщать детей к оружию? Как они воспринимают новый предмет?- с долей опаски заинтересовалась я.

- Нет, я уверен, не рано, - однозначно ответил М.М. Тажибаев. - Они в таком

нормальном русле формирование характера ребенка, воспитывать в нем будущего защитника Отечества.

Должна согласиться, ведь в казахских семьях традиционно у детей до 5-ти лет был период вседозволенности, с ними обращались как с королем. Детей с 6 до 15 лет использовали как рабов, обучая всему, что только возможно пригодится в самостоятельной жизни, а после 15-ти - обращались с детьми как с равными.

В непринужденной беседе с пятиклассниками я еще раз убедилась в словах их преподавателя. Не рано! Все с воодушевлением и хором отвечали на мои вопросы: им совсем не трудно, даже интересно осваивать основы военной подготовки, они уже разбираются в марках автоматов, а еще, среди ребят были желающие стать военными, носить военную форму, защищать Родину - Республику Казахстан.



возрасте осознанно воспринимают предмет «Основы военной подготовки». Ученики уже понимают, что такое военная дисциплина, порядок, оружие... У детей проявляется интерес к военному делу. Именно в этом возрасте необходимо направить в нуж-

**Гульнара Нускауовна Утемуратова, специалист ВУК военной кафедры НАО «Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова»**





# «Отанды қорғау- абыройлы, ардақты іс!»

Уақыт алмасады,  
ұрпақтар өзгереді,  
бірақ Отанға деген сүй-  
іспеншілік, ерлік, жауын-  
герлік, қажырлылық,  
рухымыз өзгеріссіз  
қалады.



Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылдың 7 мамырында сол кезге дейін Мемлекеттік қорғаныс комитеті болып келген орган Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. Қазақстан өз мемлекеттігін дамытудың 30 жыл ішінде әрдайым еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, заманауи және кәсіби армия құруға ерекше көңіл бөлді.

Қазіргі таңда біздің әскери қызметшілер жоғары кәсіби даярлық, үйлесімділік пен жауынгерлік дағды үлгісін көрсетуде.

Ата – бабамыз мұра ретінде қалдырған ұланғайыр жерімізді бүгінде ержүрек ерлер қорғап келеді. Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де құдіретті сөз. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы. Елбасының «Патриоттық рух бізге ауадай қажет», деген сөзі ақиқат.

Бүгінгі таңда қоғам өмірі жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың маңызды міндеттерін қояды. Мемлекетке дені сау, батыл, бастамашыл, тәртіпті, сауатты, оқуға, оның игілігі үшін жұмыс істеуге және қажет болған жағдайда оның қорғауына тұруға дайын адамдар қажет. Тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі - патриоттық сезімді қалыптастыру және дамыту.



Осыған байланысты жастарды әскери - патриоттық тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Отанның мықты қорғаушыларын даярлауға шешуші үлес қосу барысында, жас азаматты болашақ отан қорғаушысы ретінде қажетті маңызды моральдық - психологиялық қасиеттермен қамтамасыз ету алдыңғы аға буын, сондай-ақ ұстаздардың міндеті.

Қарулы күштер – өзінің тікелей міндетінен бөлек, жастарды отансүйгіштікке, патриоттық, ұлт намысын қорғай білетін рухтық санада тәрбиелейтін киелі орта. Еліміздегі әскери мектептер мен жоғары оқу орындарында әскери тәртіпті меңгерген, білімді және жаңа технологияны игеретін курсанттар мен запастағы офицерлер мен сержанттар дайындалуда.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының әскери кафедрасы 1963 жылдан запастағы офицерлерді дайындай бастады. Бүгінге дейін кафедра 19000-ға жуық запастағы офицерлерді дайындап шықты. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінің офицерлерін біздің әскери кафедрамыз дайындап, әскеріміздің нығаюына өз үлесін қосуда.

Қазіргі уақытта әскери кафедра ЖОО студенттері қатарынан 7 әскери-есептік мамандық бойынша запастағы офицерлер мен 9 әскери-есептік мамандық бойынша запастағы сержанттарды даярлайды.



Әскери кафедра сапалы әскери дайындықты ұйымдастыра алатын оқу материалдық базасымен, оқу-ату қаруларының барлық түрімен, оқу әскери техникасымен, РХБҚ қару-жарақтары және құралдарымен, оқу полигонымен, саптық алаңмен, химиялық, спорттық, қарауылдық қалашықтармен, әскери техниканы сақтау паркімен, тренажерлармен, техникалық оқу құралдарымен қамтамасыздандырылған.

Дәл осы тұста Ұлттық қасиеттеріміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын азаттық сүйгіш рухы биік, намысы берік жастарды тәрбиелеуде өз үлестерін қосып жүрген «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ әскери кафедра басшысы полковник Кенжебаев Ж.А., сондай-ақ запастағы подполковник Раимбердиев К.Т., запастағы подполковник Урустамбеков А.А. сынды бірқатар әскери кафедрамыздың оқытушы құрамын айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне биыл 30 жыл толуына байланысты барша әскери адамдарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, дендеріне саулық, шаңырақтарына береке тілеймін. Еліміздің тыныштығын сақтап, бейбітшіліктің нышаны болуларына тілектеспін.

Бұл мереке әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі, болашақ ұрпақтар үшін, егемен еліміздің тәуелсіздігін қорғаушылардың бәрі үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз.

Еліміздің әскері ел қауіпсіздігін сақтау, залалсыздандыру, түрлі апаттың салдарымен күрес барысында әр кезде алдыңғы шепте тұрады. Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері материалдық-техникалық базасы заманауи тұрғыда жасақталған, мобильді, халықаралық қарым-қатынаста ашық, қоғамдық жауапкершілігі жоғары құрылым деуге толық негіз бар.

Жастарды Отан алдындағы азаматтық борышын адал атқаруға шақырамын.



**Абжаппаров Жаксыбай Медетович,  
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ  
әскери кафедрасының оқытушы,  
запастағы подполковник**



# «АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ АРЛАНЫ-ӘУЕЗОВ»

Мұхтар Әуезов – өз бойында ренессанстық негізді жинақтаған, өз талантының сан қырлы байлығымен туған халқының рухани қуатын неғұрлым толық бейнелеген қайталанбас тұлға. Бұл тұста жазушы, ғалым, драматург, аудармашы, қоғам қайраткері, ойшыл Әуезовтің асқан зор күш-жігері біртұтас арнаға құйылып жатыр. Оның ұлылығы да осында.

Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы — әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының ой-арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық. Жазушы-ғалымның өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де, өмірде де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді.

Мұхтар Әуезов — халқымыздың қайта өрлеу ауқымындағы ренессанстық тұлға. Ол өзінің энциклопедиялық құлашты білімімен, асқар талантымен рухани өмірдің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл қазақ мәдениетіне ықпал жасады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы қойған талаптар оны сол кезеңдегі басқа да аса көрнекті қазақ зиялылары сияқты әрі жазушы, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға еріксіз ұмтылдырды. Бұл қайта өрлеу дәуірінің міндеттері еді. Сол себепті де Мұхтар Әуезовтің сан қырлы таланты оның өнердің қазақтар үшін бұрын белгісіз болып келген түрлері мен жанрларын тұңғыш қалыптастырушылардың қатарынан көрінуіне айқын жол ашты. Әуезов — қазақ елінен шыққан тұңғыш кәсіби драматург, ұлттық театрдың тұңғыш режиссері әрі ұйымдастырушысы, тіпті тұңғыш кәсіби әдебиеттанушы да. Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүріп оқушы-студент кезінің өзінде-ақ ұлы Абай туған өлкеде, атақты Ойқұдық жайлауында екі киіз үйді жалғастыра тігіп, оның «Еңлік—Кебек» атты тұңғыш пьесасы бойынша спектакль қойылды, ал кейін бұл пьеса ұлттық драматургияның інжу-маржанына айналды, жазушы есіміндегі қазіргі академиялық драма театры 1926 жылы өз шымылдығын осы спектакльмен ашты. М.Әуезов сонымен бірге тұңғыш әдеби киносценарийлер мен опера либреттоларының алғашқы авторы болды.

Жазушыға «Абай» романы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы, ал төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін



Лениндік сыйлық берілді. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болды (1946). Ғылымды дамытудағы көп жылдық ұланғайыр қызметі үшін ол «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақты иеленді. М.Әуезов көптеген қоғамдық қызмет атқарды. Ол екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты (1955, 1959) болып сайланды. Совет Одағының Бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі ретінде ол халықаралық конференцияларға қатысып, өзінің жалынды, шыншыл сөзімен жер жүзінде баянды бейбітшілік орнату, әлемдегі прогресшіл күштердің ынтымағын арттыру үшін қызу ат салысты.

Бүкіл саналы өмірі мен дарын қуатын, қайрат жігерін туған халқына, ұлы Отанына қалтқысыз қызмет етуге арнаған, өзі өмір сүрген кезеңдегі социалистік реализм әдебиетін асыл шығармаларымен байытқан аса көрнекті жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезов артына өшпес мұра қалдырды.

**Әшірбек Айсұлу Нұрғалиқызы**  
МС-21-7к тобының студенті

## «Ұлы Абайды бүкіл әлемге танытқан Мұхтар Омарханұлы Әуезов»

Қазақ халқының заңғар жазушысы атанған, қазақ халқының мәдени, әдеби даму тарихында жазушы, драмашы, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі аса ірі қоғам қайраткері атанған, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алатын орны ерекше. М.Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен зор еңбек сіңірген XX ғасырдың ұлы жазушысы. Шығармашылық сапары өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы дауылды дүрбелеңмен, яғни қазан төңкерісімен тұстас келген суреткер 20-жылдардың бас кезінде жазылған «Қорғаныс күнінен» «Абай жолы» роман-эпопеясына, «Еңлік-Кебек» трагедиясына «Қарақыпшақ Қобыландыға», отызыншы жылдардағы әңгімесі – «Білекке білектен» - «Өскен өркен» романына, эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан КСРО халықтары әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық,

ұлттық және интернационалистік сипат мәселелеріне арналған терең теориялық зерттеулеріне дейін ұзақ та жемісті жол кешті. Оның бүкіл қазақ әдебиетінің асқақ тұрған күмбезіндей «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік даңққа ие болды. М.Әуезовтің таңдаулы шығармалары осы заман әдебиетінің жер жүзілік көлемде танылған жаңашылдығын зор қуатпен дәлелдеді.

Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Қасқабұлақ деген жерде, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Шыңғыстау деген жерде дүниеге келген. Мұхтардың атасы Әуез ескіше сауаты бар, араб, парсы, ортаазиялық түркі әдебиетімен таныс кісі болған. Ол бала кезінде атасының үйретуімен арабша хат таниды. Мұхтардың әкесі Омархан да, атасы Әуез де Абай ауылымен іргелес отыратын, сыйлас көңілді, құдандалы, дос-жар адамдар еді. Абай ауылымен қатар болған аралас-құраластық, ұлы ақынның шәкірт-

терімен және балаларымен бір ортада өсу жас Мұхтардың рухани жағынан өсіп-жетілуіне игі әсерін тигізді. Жас Мұхтар хат танығаннан кейін-ақ атасының ықпалымен ауыз әдебиетінің үлгілерін, Абай өлеңдерін жазып алып, жаттап үйренеді. Классикалық түркі әдебиетінің жекелеген нұсқаларымен таныстығы да осы кезеңде басталған. Бұл жағдай алғыр ойлы, зерек баланың сөз өнеріне деген құмарлығын тым ерте оятады.

1908 жылы Мұхтарды немере ағасы Қасымбек Семейге алып келіп, орыс мектебіне түсіреді, осыдан кейін ол бес жыл қалалық училищеде, төрт жыл мұғалімдік семинарияда оқып, білімін көтереді. Осы тұста М.Әуезов орыс әдебиетінің шығармаларымен кеңінен танысады, өзі де қаламгерлік қадамын бастайды. Оның тұңғыш күрделі шығармасы — «Еңлік — Кебек» драмасы 1917 жылы, семинарияда оқып жүрген кезінде жазылды.

1919 жылы мұғалімдік семинарияны ойдағыдай бітіріп, Семей губерниялық атқару комитетінде ұлттар бөлімінің меңгерушісі, онан соң төрағасы болып қызмет істейді. Алғашқы көркем әңгімесі — «Қорғаныс күні» 1921 жылы жарияланады. М.Әуезов 1922 жылы Орынборда, Қазақ Орталық атқару Комитетінде жауапты қызметте болды. Бұдан соң Ташкентке келіп, қызметке орналасады, әрі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқиды. Мұхтар Әуезовтің бірталай әңгімелері 1922—1923-жылдарда Ташкент қаласында шығып тұрған «Сана», «Шолпан» журналдарында басылған («Кешкі дөң басында», «Түнгі ауыл», «Қысты күнгі дала», «Қысқы түн», «Сыбанның моласында», «Сөніп жану» т. б.). «Адамдық негізі — әйел» (1917), «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқу әдісі», «Ғылым тілі» (1918) секілді мақалаларында ол оқу-ағартудың, мәдениеттің маңызды мәселелерін көтереді. Мұхтардың 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінде қырғыз эпосы «Манас»



туралы жасаған баяндамасы ғылыми қауымның назарын аударады.

1923 жылы М.Әуезов Ленинград университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Еліміздегі ең атақты жоғары оқу орындарының бірінде сабақ алу, аса көрнекті ғалымдардың дәрістерін тыңдау оның білім өрісін ерекше өсіреді. Семей губерниялық атқару комитетінің шақыруымен Мұхтар Әуезов 1924 жылы еліне оралып, қазақ педагогикалық техникумында сабақ береді. Ол осы жылы орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне толық мүше болып өтеді, көп ұзамай бөлімше төрағасының орынбасарлығына сайланады. 1924 жылдың қысында М.Әуезовтің басқаруымен Семейде Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына арналған ғылыми жиналыс өткізіледі. Оның көркем прозадағы бір топ туындысы да осы кезең жемісі («Жетім», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» т. б.). Драматургия, аударма, сын-зерттеу еңбектері де қатарласа туып жатады. Бұған 1923 жылы жазылған «Бәйбіше — тоқал» драмасы мен «Қобыланды батыр», «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты зерттеулері, «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер» деген аудармасы мысал бола алады.

М.Әуезов осы кезде ел арасынан, құйма құлақ қариялардан ауыз әдебиеті нұсқаларын, ең маңыздысы — данышпан ақын Абайдың өлеңдерін үздіксіз жинап, жазып алып, жариялап отырды.

1925 жылы М.Әуезов Ленинград университетіне қайта келіп, үзілген оқуын жалғайды, оны 1928 жылы бітіріп шығады. Ленинградта оқыған кезінде М.Әуезов білімін жан-жақты кеңейтіп, тереңдетумен бірге жазушылық жұмыстарын да қатар жүргізді. Оның ендігі шығармаларында ескі қазақ ауылындағы таптық кайшылықтар мен күрестер сырын көрсету өткірлене түседі. «Қарагөз» трагедиясында Мұхтар бұрынғы қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, жастар басындағы еріксіздікті тамаша суреттеді. «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927), «Қилы заман» (1928) повестерінде ел өміріндегі күрделі мәселелерді көтерді. 1928 жылы Ленинград университетін бітірген М.Әуезов Ташкентке келіп, орман техникумында әдебиеттен сабақ береді. 1929 жылы Орта Азия мемлекеттік университеті түркология кафедрасына аспирантураға түсіп, онда 1930 жылдың октябріне дейін болады. Отызыншы жылдар — М.Әуезовтің түрлі жанрда еңбек еткен тұсы. Бұл кезде ол ғылыми-зерттеушілік жұмысын оқытушылықпен берік ұштастырады, орта және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арнап оқулықтар жазуға, хрестоматиялар құрастыруға қатысты.

Ауыз әдебиетін зерттеуді Мұхтар Әуезов шығармашылық мақсатта да жүргізген. 1934 жылы жазылған «Айман — Шолпан», одан біраз кейінірек туған «Қарақыпшақ Қобыланды», «Бекет» пьесалары — осындай игілікті ізденістердің нәтижесі. Абайдың әдеби мұрасын ұзақ тексеру «Абай» пьесасын жазуға әкелді. Мұның өзі жазушының әрқашан ғылыми және көркем творчествоны қатар алып жүргенін, бұл күрделі шығарма жасаудың белгілі бір шартына айналғанын көрсетеді.

М.Әуезовтің отызыншы жылдардағы шығармашылығынан қазіргі заман тақырыбына жазылған еңбектері елеулі орын алады. Колхозды ауылдың жағдайын аралап көру, сана мен салттағы өзгерістердің сырына көз жіберу жазушыны жаңа ауыл өмірінен шығармалар жасауға шабыттандырды. «Білекке білек», «Үш күн» (1934), «Іздер», «Шатқалаң» (1935), «Бүркітші» (1937) атты әңгімелері сондай туындылар. Замана шындығын драмалық шығармаларда көрсетуге де М.Әуезов бұл тұста белсене кірісті. «Октябрь үшін» (1933), «Түнгі сарын», «Тартыс» (1934), «Тастүлек» (1935), «Алма бағында» (1937), «Шекарада» (1938) тәрізді пьесаларда революциялық дәуір мен социалистік құрылыс жылдарының оқиғалары қамтылды.

М.Әуезовтің ең жақсы аудармалары да соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде жасалды. Ол аударған Шекспирдің «Отеллосы», Гогольдің «Ревизоры», Погодиннің «Аксүйектері», Треневтің «Любовь Яроваясы» қазақ көркем мәдениетінің төл туындысындай жатық шықты. Кейінірек бұл аудармалар қатарына Шекспирдің «Асауға тұсауы», Тургеневтің «Дворян ұясы» қосылды. 40—50-жылдар жазушының таланти жан-жақты кемелденіп, ең үздік шығармаларын берген кезі. М.Әуезовтің бұл мезгілдегі басты табысы — төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» (1942-1956) роман-эпопеясы. Сонымен қатар суреткер қаламынан осы кезеңде көптеген очерктер, әңгімелер, повестер туды («Асыл нәсілдер», «Түркістан солай туған» т. б.). Елуінші жылдардың соңғы тұсында М.Әуезов осы заман тақырыбына бірнеше роман жазуды көздеп, үлкен жоспар жасайды. Осы мақсатпен ол қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас, Созақ, Түркістан, Мақтарал аудандарын аралап, халықтың тұрмыс тіршілігімен, мәдениет жағдайымен танысты, малшылар, мақташылар өмірінен бірнеше очерктер жариялады. Өкінішке қарай, суреткер өзінің алдына қойған ұлы ниетін толық жүзеге асырып үлгермеді, төрт кітапқа мөлшерленген романның бірінші бөлімін ғана жазып қалдырды, ол шығарма «Өскен өркен» деген атпен жазушы қайтыс болғаннан кейін ғана басылып шықты. М.Әуезов 1932—1934 жылдарда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында, 1934 жылдан өмірінің соңына дейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) қазақ әдебиетінен лекция оқыды. 1951 — 1953 жылдарда М.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті КСРО халықтары әдебиеті кафедрасының профессоры болды.

Жазушыға «Абай» романы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы, ал төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлық берілді. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болды (1946). Ғылымды дамытудағы көп жылдық ұланғайыр қызметі үшін ол «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақты иеленді. М.Әуезов көптеген қоғамдық қызмет атқарды. Ол екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты (1955, 1959) болып сайланды. Совет Одағының Бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі ретінде ол халықаралық

конференцияларға қатысып, өзінің жалынды, шыншыл сөзімен жер жүзінде баянды бейбітшілік орнату, әлемдегі прогресшіл күштердің ынтымағын арттыру үшін қызу ат салысты. Бүкіл саналы өмірі мен дарын қуатын, қайрат жігерін туған халқына, ұлы Отанына қалтқысыз қызмет етуге арнаған, өзі өмір сүрген кезеңдегі социалистік реализм әдебиетін асыл шығармаларымен байытқан аса көрнекті жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезов артына өшпес мұра қалдырды. Ол 1961 жылы 27 маусым күні Москва қаласында қайтыс болды. Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы — ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Егемен ел жағдайында ұлы жазушы мұрасына деген ілтипатымыз да осындай бір ұмтылыстың көрінісі болмақ. Ғасырлар бойы көшпелі тіршілікті бастан кешіріп, ХІХ ғасырдың бел ортасында жол айырығына келген қазақ өмірінің барлық әрі мен нәрін, сыны мен сырын, соры мен бағын теңдессіз тарихи тұлға Абай тағдыры арқылы әрі көркем, әрі түпсіз ой көзімен ашып берген суреткер туралы талай-талай ізденістер жалғаса бермек. Олай болатыны М.Әуезов шығармашылығы ғасырлық өлшемдердің аясына әлдеқашан-ақ именбей енгеніне күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді.

Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің көркем мұрасы біздің оқу орнымызда емес ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де бағалы жетістігі екені тарихи шындық. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, әдебиетші ғалым, аудармашы — бұл ұлы қаламгер дарынның толық емес тізімі. Оның Абай туралы жазған эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді. Біздің Шымкент қаласында орналасқан Мұхтар Әуезов атындағы оқу орнымызда апта сайын, түрлі іс-шаралар мен тәрбиелік сағаттар өкізіліп қана қоймай, әр бір оқытушының сабақ жоспарларында, ұлы жазушымыздың нақыл сөздері мен айтқан ой-пікірлері және жазушының қолынан қалған, асыл мұраларын мұражайымызда білім алушыларға көрсетіп, саналы ұрпақтың ой санасына тәрбиелік іздемпаздықты дамытып келеміз.

Сөзімді қорыта келе, ұлы ақын Мағжан Жұмбаевтың айтқан сөзімен аяқтағым келіп отыр. Қызыл империяның қыспағында барлық қазақтың ақын

жазушылары абақтыға жабылып, соның ішінде Мұхтар Әуезовтың бар екендігін өз көзімен көрдім, мен өз еліме қажымас еңбек еттім, халқымның азаттық жолында, жанымды құрбан қылуға дайын болдым. Ұлы Абай шығармаларына арнап өлеңдер жаздым, ал енді жаным құрбан, мен үшін Абай ақын қазақтың ұлы болса, Мұхтар Әуезовта солардың бірі деп санаймын, сол себепті де барлық жазылған жалаларды менің басыма жабыңдар, жазушыны абықтыдан босатыңдар. Осы сөзді естіген басқада ақын-жазушылар бұлай жасағаныңыз қайткен ерлік неге? — деп маған сұрақты жан-жақтан жаудыра бастады. Мен сол кезде, ұлы ақынның өмірін Мұхтар әлі жазып аяқтаған жоқ, сол себепті халықым мені дұрыс түсінсін. Менің жасаған ерлігім қазақ халықының жадында мәңгі сақталар деген үміттемін. Мен жастарға сенемін-деп өз-өзін құрбандыққа шалған екен ұлы ақын Мағжан Жұмбаев атамыз. Міне осы ерліктің арқасында бізге жаткен «Абай жолы романы» ұлы асқар жазушының ұлы туындысы деп айтар едім. Абай атамызды әлемге танытқан Мұхтар Әуезов, ал Мұхтар Әуезовты әлемге танытқан Абай атамыздың өмірімен шығармалар-деп өз ойымды аяқтар едім.

### Есіміңіз асқар таумен таласады

*Тереңдей ойдың теңізін  
Арнадым жанының лебізін  
Атамыз Мұхтар Әуезов  
Көрсетті сөзбен жер жүзін*

*Алаштан туған асылым  
Елімнің даңқын асырдың  
Еуропа қағып таңдайын  
Үн болып өшпес ғасырың*

*Абай дай тұлға дарынды  
Аямай жанмен барыңды  
Қыспағы қызыл империя  
Таптады намыс арыңды*

*Есіміңіз асқар таумен таласады,  
Қатар айтсақ Абаймен жарасады.  
Сонау қилы заманнан алып  
шыққан,  
Сізден қалан ұрпақтар қарасады.*

*Бұл күндері қалыпсыз жүзден асып,  
Буын қатып келеміз, біз де бекіп.  
Талай қыспақ көрдіңіз, Абай жүрген,  
Соқтықпалы, соқпақпыз ізбен өтіп.*

**Колледж оқытушысы,  
саясаттану магистрі Досыбай  
Нұрлыбек Жолдасбекұлы**







## Университетімізде «Ғылым айы» өз дәрежесінде өтуде

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде сәуір айы «Ғылым айы» болып жарияланды. Осыған орай университетте ғалым-ұстаздармен, ғылыми қызметкерлермен кездесулер, студент жастар арасында түрлі іс-шаралар өткізілуде. «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебі, «Физика» кафедрасында 12 сәуір «Ғылыми қызметкерлер күні» мерекесіне сәйкес елімізге белгілі ғалым-ұстаз, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Төрбай Абдрахманұлымен «Ғылым жолы» атты студент, магистрант және докторанттармен кездесуі өтті.

Тұрмамбеков Төрбай Абдрахманұлы 1977 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің физика факультетіне оқуға түсіп, Университетті 1982 жылы аяқтап, Шымкент педагогикалық институтта өзінің ұстаздық қызметін бастайды. 1986 жылы Қазақ химия-технология институтының физика кафедрасына оқытушы қызметіне ауысады.

Төрбай Абдрахманұлы өзінің фундаментальды ғылыми – зерттеу жұмыстарын РФ, Мәскеу қаласындағы И.П. Бардин атындағы орталық ғылыми зерттеу институтында бастады. Ол 1987 жылы сол институттың металдар физикасы және материалтану бөліміне аспирантураға түсіп, 1992 жылы «Структурный механизм формирования высоких деформирующихся свойств в сплавах переходных металлов с ГЦК решеткой» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сол институтта қорғап шықты. 1992-1996 жылдары Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-де оқытушы, аға оқытушы, декан орынбасары қызметтерін атқарады.

1997 жылы Мәскеудегі И.П. Бардин атындағы орталық ғылыми зерттеу институтындағы металдар физикасы және материалтану бөліміне док-



торантураға түсіп, 2000 жылы докторлық диссертациясын «Основные закономерности формирования высоких диссипативных свойств в сплавах с мартенситным превращением»

тақырыбында, Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ядро Орталығындағы ядролық ғылыми зерттеу институтында қорғап шықты.



2000 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ –нің физика кафедрасында меңгеруші болып қызмет атқарды, ал 2004-2006 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ –нің «Ақпараттық технология және бағдарламалық қамтамасыздандыру» факультетінің деканы, 2006-2008 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ –нің «Ақпараттық технология және энергетика» институтының директоры қызметін атқарды. Ал 2008-2012 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Шымкент Институтында Ғылыми ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарады.

2012 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің «Физика» кафедрасына профессорлық қызметке ауысып, 2013 жылдан 2021 жылға дейін «Физика» кафедрасында меңгеруші қызметін атқарды. 2021 жылдан осы күнге дейін аталған кафедрада қызмет етіп келеді.

Ғылыми шығармашылық еңбектері: 7-оқулық пен оқу құралдары, бірнеше авторлық куәлік, 17 зияткерлік куәлік иесі, 217 ғылыми және ғылыми әдістемелік еңбектерін, 4 әдістемелік нұсқауы жарық көрген, 1 ғылыми монография шығарған.

2006 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды. Төребай Абдрахманұлының жетекшілігімен 6 PhD докторы, 47-магистрант диссертациялық жұмысын қорғап шықты.

Төребай ағайдың білімділігімен қоса адамгершілігінің өзі бөлек әңгіме. Көптеген жетістіктерге жетсе де тым қарапайым, студент жастар және жас мамандарды тең әріптес ретінде қабылдайды. Тәжірибе бөлісіп, кеңес беруден жалыққан емес. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Физика» кафедрасында өткен бұл кездесуді 1 курс магистранттары ұйымдастырды. Атап айтқанда үздік әрі белсенді магистранттарымыз Дастанқызы Айгүл, Нағашбек Сымбат, Таджимухамад Нұрсұлтан, Әкімқұл Алтынай, Қалыбай Ақмаржан, Сұрымбай Нұрсара және т.б. өздерінің білімдерімен қатар жоғары ұйымда-



стырушылық қабілеттерін көрсетті. Кездесу барысында Төребай Абдрахманұлы білім адушылардың ғылым жолына байланысты сұрақтарына жауап берді. Кездесуге сонымен қатар кафедраның ардагер ғалым-ұстаздары ф.м.ғ.к. Полат Аблатыевич, х.ғ.к., доцент Роза Спабекқызы, ф.м.ғ.к., доцент Нурила Сайдуллаевна қонақ ретінде шақырылды. Бұл кездесудің студент жастарға берген әсері мол болды, өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, ғылым жолының күрделілігі, қиындығы туралы мәліметтер алды. Төребай Абдрахманұлының алтын уақытын бөліп кездесуге арнайы келгеніне алғыс білдіріп, салт-дәстүріміз бойынша шапан жауып құрмет көрсетілді.

Сонымен бірге студенттер арасында «Жас Физиктер-2022» атты білім сайысы өтті. Білім сайысына «Бір үйдің балалары» және «Ньютон шәкірттері» командалары қатысып бақ сынасты. Сайыста түрлі бөлімдерден, түрлі тапсырмалар берілді. Әсіресе физикалық эксперимент көрсетуде топ командалары белсенділік танытты. Нәтижесінде «Ньютон шәкірттері» командасы жеңіске жетті. Кафедрамыздың магистрант, студент жастарының ұйымшылдығы, білімділігі осы іс-шаралардан байқалды. Осындай білімді, алғыр жастар тәрбиелеп, білім беріп жүрген әріптес, ғалым-ұстаздарымызды осынау төл мерекесімен құттықтай отырып, алғысымызды білдіреміз.

**Абдуалиева Маржан Амирбековна**  
PhD докторы, «Физика» кафедрасының доценті  
М.Әуезов атындағы ОҚУ



# АГРО БИЗНЕС ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ БАСТЫ САЛАСЫ

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының негізгі күші. Аграрлық білім мен ғылымның дамуы арқылы ауыл көркейіп, мемлекет өркендейді. Бүгінгі күні мемлекет агроөндірістік кешеннің дамуы үшін барынша жағдай жасап отыр. Бұл ретте ауыл шаруашылық мамандарына қойылатын талап та заманға сай жаңаруда. Қазақстанның экономикасындағы негізгі саласында. Ішкі жалпы өнімнің 4,4%-ы ауыл шаруашылығына тиесілі болғанымен, дәл осы ауыл шаруашылығында еліміздің еңбекке қабілетті тұрғындарының 14%-ы жұмыс істейді, ауылдық елді мекендерде 7,7 миллион (ел тұрғындарының 42%) халық тұрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша биылғы жылдың 1 қаңтарында экономиканың салалары бойынша ең төменгі орташа жалақы ауыл шаруашылығында және ол 127,3 мың теңгені құрады. Бұл былтырмен салыстырғанда 15,6% жоғары, алайда өсім – елдегі орташа көрсеткіштен біршама төмен.

Ауылдың заманауи талаптарға жауап беруі елдің азық-түлік қауіпсіздігіне және өнеркәсіпті қажетті шикізатпен қамтамасыз ету қабілеттілігіне байланысты. Ауылды көркейту ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттер қатарында қала береді. Ел халқының 43,0 пайызы, яғни 7,7 миллион адамның ауылдық жерлерде өмір сүруінің өзі ауыл экономикасы мен инфрақұрылымын дамытудың маңыздылығын дәлелдей түседі. Ауыл халқы қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында агроөнеркәсіп секторын дамытуда қомақты табыстарға қол жеткізуде. Соңғы 10 жыл ішінде ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі 4 есеге, ал ауылшаруашылық өнімдерді экспорттау 3 есеге өсті. Бұл – Елбасының агросектор бойынша тапсырмаларының орындалып жатқандығының дәлелі.

Кейінгі жылдары еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін инновациялық бағытта дамыту арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Астық өндірісінің қарқынды дамуы арқылы Қазақстан әлем алдында өзінің «астық державасы» мәртебесін айқындады. Қазіргі уақытта еліміз дүниежүзінің 70 мемлекетіне 5-тен 10 миллион тоннаға дейін астық экспорттайды. 2016 жылы елімізде 23,7 миллион тонна бидай алынып, рекордтық өнім жиналды.

2021 жылы ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 40 пайызға өсіп, оның көлемі 229 миллиард теңгеге жетті. Республикамызда ауыл шаруашылығын әртарапандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Майлы және азықтық дақылдарды өсіретін алқаптардың аумағы кеңейді. Қазіргі кезде майлы дақылдар 2,0 миллион, мал азықтық дақылдар 3,5 миллион гектар жерге себіледі. Осыдан-ақ елімізде агроөндірістік кешеннің жаңа сипатта дамуына барынша жағдай жасалып отырғанын көруге болады. Дегенмен, қоғам мен уақыт алмасқан сайын ауылшаруашылық мамандарына қойылатын талаптар да заманға сай жаңаруда. Биылғы жылдың басында Елбасы Нұр-



сұлтан Назарбаев халыққа арнаған жаңа Жолдауында «аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек» деп ерекше атап өтті. Бүгінгі күні Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында, әлемдік нарықта экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті, сапалы өнімдер өндірісін ұлғайту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының 30 бәсекелі елдердің қатарына енуге ұмтылуы, Әлемдік Сауда Ұйымына енуі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуы отандық ауыл шаруашылығы үшін үлкен сын. Өйткені ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі және қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып табылады. Сон-

дықтан да аграрлық сектордың дамуы мемлекет үшін экономикалық және ең бастысы әлеуметтік негізде стратегиялық жағынан маңызды. Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының тиімділігін тұрақты әрі бекем арттыру үшін шаруашылық жүйенің түбегейлі қайта құрылуын талап етеді. Қазіргі таңда отандық экономиканы қайта құру кезінде бірқатар мәселелер туындады. Әсіресе Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін анықтайтын аса маңызды стратегиялық қызмет саласы ретінде агроөнеркәсіп өндірісінің тиімділігін арттыруға елеулі назар аударылды.

Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар, оның

ішінде «Агробизнес – 2020» бағдарламасы отандық ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтиды. Бірақ саладағы еңбек өнімділігінің төмен деңгейі, қолданылатын технологиялардың жетілмеуі, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақтығы оны кең көлемде дамуға мүмкіндік бермей отыр. Ол үшін ауыл шаруашылығы қолда бар материалдық, еңбек және басқа да ресурстарды экологиялық талаптарға сәйкес толығымен қолдануды қамтамасыз ету керек. Қазіргі жағдайда экономиканың аграрлық секторындағы экономикалық агенттердің мүдделерін үйлестіру, көбінесе оларды нарықтық және мемлекеттік реттеу нысандарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын ынталандыру арқылы қол жеткізіледі. Мемлекеттің ауыл шаруашылығын реттеу әдістері экономикалық тепе-теңдікті сақтаудан, ауыл шаруашылығы өндірісін өндіруден және қайта өңдеуден, сонымен қатар шикізат пен азық-түліктің объективті қажеттілігінен туындаған. Өйткені ауыл шаруашылық өнімдері кез келген мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің М.Әуезов атындағы Оңтүсік Қазақстан университеті колледжінде, Ауыл шаруашылығы саласына лайықты маман иелерін дайындап келеміз. Оның ішінде маман иелеріне шаруашылық салаларына лайықты, шаруашылықтың түрлі салаларын үйретіп келеміз.

## Қарқынды мал шаруашылығы

Қарқынды мал шаруашылығы дегеніміз – бұл құстарды өсіру сияқты жануарлардың дені сау және тезірек болуы үшін қажетті температура, тамақ және санитарлық күтіммен жануарларды орналастыратын шаруашылық. Қарқынды мал шаруашылығында тұқымдарды іріктеу әр түрлі өндіріс түрлері бойынша жүргізіледі, ол екі жарты шардың қоңыржай белдеуінде тәжірибе алады және жоғары энергия шығынын тудырады.





### Экстенсивті мал шаруашылығы

Экстенсивті мал - бұл кең алқаптарда, мысалы шабындықтарда, жайылымдарда немесе тауларда жануарлар жайылып, әр түрлі кеңістіктегі табиғи ресурстарды пайдалану үшін жүзеге асырылатын мал. Экстенсивті мал шаруашылығы, әдетте, ол жетекшілік етуге арналған өріс түріне бейімделген жануарлармен жүзеге асырылады, бұл экожүйенің сақталуына ықпал етеді және айтарлықтай энергия шығынын білдірмейді.

### Көшпелі мал шаруашылығы

Көшпелі мал фермасы табиғи тамақтану үшін ірі жерлерді мал жайылымымен сипатталады. Бұл тәжірибеде малды әртүрлі жерлерге алып барып, түрлі тамақ пен ресурстарды жеуге болады.

Малдың бұл түрі көшпелі немесе жартылай көшпелі деп аталады және Африка мен Азияның кейбір территориялары сияқты егін өсіру қиын, құрғақ жерлерде тұратын халықтарға тән.

### Трансшумантты мал шаруашылығы

Трансшумантты мал - бұл жайылымдағы малдың бір түрі, яғни малды жылдың маусымына байланысты егістігі азық болатын аудандарға ауыстырады.

Бұл мал өте тиімді, өйткені ол малдың көңі есебінен топырақтың құнарлылығын арттырады, жануарлар әр түрлі шөптер мен көкөністермен қоректенеді және тұқымдардың таралуына, басқалармен қатар ықпал етеді. Қазіргі уақытта трансшумантты мал өсіру аз практикаланған, күн сайын трансшумантты фермерлер бұл қызметтің қиын сабақтастығын байқайды. Алайда, ол Африканың, АҚШ-тың, Чилидің, Аргентинаның, Перудың, Боливияның, Бразилияның, Испанияның және басқаларының әр түрлі аймақтарында әлі де жүзеге асырылады.

### Экологиялық мал шаруашылығы

Органикалық ауылшаруашылығы дегеніміз - бұл пестицидтер, химиялық тыңайтқыштар және т.б. сияқты синтетикалық химиялық заттарды қолданбай, жоғары сапалы тағам алуға бағытталған өндіріс жүйесі. Сонымен қатар, жануарларға табиғи өніммен қоректену үшін кеңістік қажет.

Еңбек өнімділігін арттыру және егін жайдың құнарлық сапасын жақсартуда көптеген мүмкіншіліктер кездеседі, яғни ресурстарды тиімді қолдану және егін алқаптарының көлемін көбейту. Қазақстан Республикасының ішкі жиынтық өніміндегі үлес салмағы, 2021 ж.а (7,9 %) қарағанда, 2022 ж. (6,68 %) төмендеуде. Біздің ойымызша, бұл мәселеге мынадай факторлар әсер етуде: аумақтық және салалық дамудың әзірленген және бекітілген жобасының болмауы; өндірісте қолданылатын технологияның төмен деңгейі; ескірген жабдықтардың ұлғаюы; аймақтардың бюджет қаражатымен төмен деңгейде қамтылуы; айқын кадрлық саясаттың болмауы; жоғары білікті басқарушы қызметкерлердің жеткіліксіздігі ауыл шаруашылығы мамандарының төмен жалақысының болуы.

Қазіргі уақытта Қазақстанның аграрлық секторына арналған жердің жалпы аумағы — 222,6 млн га, оның ішінде 24 млн га (10,8 %) — егістік жерді, 5 млн га (2,2 %) — пішендік, 189 млн га (85 %) жайылым жерді алып жатыр. Дегенмен ауыл шаруашылығының дамуы Қазақстанның әр аймақтарында әр түрлі деңгейде дамып келеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің аймақтар бойынша шығарылымы 1-кестеде көрсетілген. Жоғарыда аталып өткендей, алдымызда еліміздегі агробизнесстің бәсекелестік жүйесін қалыптастыруды шешу міндеті тұр. Ол үшін заң актілерінің, бірінші кезекте, Жер, Су және Орман кодекстерінің қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ету қажет. Дәнді дақылдар нарығын реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру керек. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және өнім сапасын арттыруды жаңғыртуға ерекше назар аударылғаны жөн. Қазіргі заманғы аграрлық ғылымды дамытуды да естен шығаруға болмайды. Ауылдық жерлердегі кедейшілікті жою үшін шағын несиелер беру жұмысын кеңінен өрістетуге қажет, оның үстіне ол өзінің өміршеңдігін көрсете де білді. Осы жылдан бастап ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік аграрлық саясат бағдарламасы іске қосыла бастады.

Мәселен, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бері аудан көлемінде барлығы мүйізді ірі қара саны – 32 902 басқа, уақ мал саны – 52 112

басқа, жылқы саны – 13 468 басқа, түйе саны – 600 басқа, шошқа саны – 360 басқа, сонымен бірге үй құстарының саны – 8016 басқа жеткен және осы уақытқа дейін бұл төрт түлік пен үй құстарынан 4658,34 тонна (тірілей салмақта) ет, 12050,7 тонна сүт, 220,3 мың дана жұмыртқа өндіріліпті. Әрине айналасы үш жыл үшін бұл орташадан жоғары көрсеткіш. Тіпті сандарына тағы бір мәрте үңілсеңіз, өте жақсы деп те баға беруге болады.

Ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығының осындай қарқынмен өндірілген өнімдері қырық мыңға жетпейтін халқы бар шағын ауданды азық-түлікпен толық қамтамасыз етеді. Ет, сүт өнімдерінің сапасын арттыру мақсатында малды асылдандыру бағыты бойынша да ауданымызда алдағы жылдармен салыстырғанда біршама ілгерілеушілік байқалады. Қазірде аудан көлеміндегі асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының үлес салмағы 0,77%, жылқы 3,4 %, қой 6,1%. Жекелердегі мүйізді ірі қара 87 пайызды, жылқы 82 пайызды, қой 87 пайызды құрап отыр.

2022 жылдың басында еліміздің басты қалаларына 262 бас аналық сиыр, 9 асыл тұқымды бұқа сатып алу жоспарланған. Қазіргі уақытта еліміздің аудандары бойынша 6 шаруашылық «Ауыл КТ серіктестігі» ЖШС-нан 29,5 млн теңге несие алып, 8 бас асыл тұқымды бұқа мен 219 бас аналық сатып алды. Жоспар 83,6 пайызға орындалды. Ал «Құлан» бағдарламасы бойынша 63 бас бие, 5 айғыр сатып алу жоспарланса, аталған бағдарлама аясында 3 шаруашылық несие ұйымдарынан 27,5 млн теңге қаржы алып, 8 бас асыл тұқымды айғыр мен 92 бас бие сатып алған. "Алтын асық" бағдарламасы аясында 2022 жылы 130 бас аналық қой, 7 бас асыл тұқымды қошқар сатып алу жоспарланып, аталған бағдарламаға қатысқан Түркістан облысы Сарыағаш ауданындағы "Әбіл" ШҚ-нан 10 бас асыл тұқымды қазақтың ірі қылшық жүнді құйрықты қошқарын сатып алып, 190 бас жергілікті аналықты ИСЖ, ИАС жүйесіне енгізіп жұмыс жасап жатыр. Жоспар 140 пайызға орындалған. 2022 жылы индикативтік жоспарға сәйкес 130 бас мүйізді ірі қара малын және 3850 бас қой сатып алу, 987 бас бұқашықты мал бордақылау алаңына

өткізу жоспарланып отыр. Аққұм ауылдық округінде орналасқан «Бақдаулет-57» шаруа қожалығы асыл тұқымды сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының 50 бас аналығын сатып алып, сүт өңдеу цехын ашу бағытында жұмыстар атқаруды қолға алса, Таң ауылдық округіндегі «Манақ баба» шаруа қожалығы асыл тұқымды 30 бас «Әуликөл» қашарын, Еңбек ауылдық округінен «Боранбай» шаруа қожалығы 20 бас асыл тұқымды «қаламақ» сиырын сатып алуды жоспарлап отыр.

Қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығына қатысты маман иелерін дайындау барысында, мамандықты үздік меңгеру үшін студенттер өсімдік шаруашылығы, егіншілік, ауылшаруашылық дақылдарының селекциясы мен тұқым шаруашылығы, мал азығын өндіру және өсімдіктерді қорғау сияқты пәндерден терең білім алады. Агрономдар оқу барысында егіншілік заңдары мен өсімдіктердің қоршаған сыртқы орта факторларына қоятын талаптарымен танысады. Алған білімдері агрономдарға жоғары өнім өсіруге және ауылшаруашылық дақылдарының жаңа сорттарын шығаруға көмектеседі. Арнайы білім алған агрономдар басқа мамандық иелеріне қарағанда өсімдіктің дұрыс өсіп-жетілуіне не қажет екенін және топырақта қандай өзгерістер болып жатқанын жақсы түсінеді. Агроном – кең ауқымды мамандық, олар ауылшаруашылық мекемелерінен бастап, мемлекеттік құрылымдарға дейінгі агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларында еңбек ете алады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де солай. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие. Қазақстанның әр түрлі климаттық жағдайлары қоңыржай жылы белдікте барлық дерлік дақылдарды өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл болашақ ауыл шаруашылығы маман иелеріне мол мүмкіндік ашатынына мен сенімді боламын.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі, Арнай пән оқытушысы, Исмаилова Жадыра Әуелханқызы**



# Заман талабы жақсы құрылыс маман иесі болудан басталады

Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады» деп, қазіргі заманда техника мамандықтарын меңгерудің қажеттілігін нақты айтып өтті. Олай болса, ертеңін ойлар бүгінгі жас түлек мамандық таңдарда қателеспеуі қажет. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Білім берудің қазіргі заманғы негізгі мақсаты кең іргелі, білімді меңгерген, ынталы, бүгінгі оқушы, ертеңгі бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, білікті маман даярлау. Осы орайда, колледждің жоғары деңгейдегі материалдық-техникалық базасының қамтылуы арқасында М.әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің директороры т.ғ.к.д. Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлы ағайдың басшылығымен басшылығымен колледждің құрылыс бөлімінің студенттері Нұр-Сұлтан қаласында өткен «WORLDSKILLS KAZAKHSTAN» облыстық, республикалық чемпионаттарға қатысып, жүлделі орындармен, бағалы сыйлықтармен марапатталып келеді. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Бүгінде ірі жобалардың қолға алынып, сәулеті жарасқан еңселі ғимараттардың бой көтеруі — еліміздегі құрылысшылардың ерен еңбегі деп білемін. Олай болса, қыстың суығына, жаздың ыстығына қарамай тер төгетін құрылысшылар қашан да құрметке лайық. Техникалық және кәсіптік білім беру саласында бәсекеге қабілетті білікті маман дайындауда колледж студенттеріне заман көшінен қалып қой-

май егеменді еліміздің көзі ашық, көкірегі ояу азаматы болуларына оқытушылар қауымы да өз үлестерін қосуда. Құрылысшы — көне мамандықтардың бірі. Көптеген археологиялық ескерткіштер, олардың арқасында біз адамзаттың өткені туралы білеміз, ежелгі ғимараттар. Тас ойып, қалағандардың, бағана орнатқандардың, ғимараттарды безендіріп, әрлеушілердің арқасында біз бүгінде сол заманның адамдары мен оқиғалары туралы білеміз. Көптеген ғимараттар олардың жасы мыңдаған жылдармен өлшенсе де, әлі де тұр. Құрылыс өнерінің қыр-сырлары ғасырлар бойы жинақталып, мұқият сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа, шеберден шәкіртке жетіп отыр. Құрылысшы мамандығының қадірі — асқақ, маңызы терең. Кез келген мемлекеттің, қоғамның ілгері басуын оның құрылыс, сәулет саласына қарап баға беруге болады. Жылдар ғана емес-ау, ғасырлар бойы адамзатпен бірге жасасып келе жатқан нысандар, ғимараттар бар. Солардың әрқайсысында құрылысшылардың қолтаңбасы қалған. Дегенмен, терең білім мен білгірлікті, жанкештілік пен жігерлікті бойына сіңіріп, құрылыс саласында қажырлы еңбек еткен



жандар саны көп. Міне, бүгінде аудан мен қалаларда көптеген зәулім ғимараттар бой көтеріп келеді.

Ал қазіргі таңда, құрылыс мамандығы кімдерге арналған? Мұндай оқу орнында ұсынылатын мамандықтар құрылымдарды жөндеу және құрылымдарды салумен байланысты. Мамандандырылған орта деңгейдегі оқу орындарында оқытудың негізгі бағыттарын талдап көрейік. Болашақ өмірін құрылыс мамандықтарымен байланыстыруға бел бұған негізгі мектеп түлектері саналы таңдау жасайды. Өндірістік нысандар мен салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасы олардың кәсіпқойлығына байланысты болатынын олар жақсы түсінеді, сондықтан адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапты.

Қазіргі еңбек нарығы құрылысшыларға мұқтаж. Сондықтан да кәсіптік білім беру жүйесінде мектеп бітірушілерді құрылыс саласына қатысты мамандықтар бойынша оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Архитектуралық жоба жасалып, бекітіліп, көрсетілмейінше құрылыс алаңындағы жұмыстар басталмайды. Сәулетші мамандығын қайдан алуға болады? Мұндай мамандықты тек институт қана емес, құрылыс техникумы да ұсынатынын бәрі біле бермейді. Мұнда тоғыз жылдық білім негізінде жаңа құрылыс нысандарын әзірлеуге байланысты мамандықтар алуға болады.

Басқа құрылыс мамандықтары колледждер мен техникумдарда ұсынылады. Мысалы, жол, құрылыс, жүк көтергіш-көлік машиналары мен арнайы техникаларды пайдаланумен байланысты мамандық алуға болады. Міндеттерге осы механизмдерге техникалық қызмет көрсету, реттеу, жөндеу, әртүрлі ауа райы жағдайында құрылыс алаңдарында жұмыс істеу кіреді. Колледж мен техникумды бітірген адам «техник» сияқты құрылыс мамандықтарын ала алады. Екінші мамандықты тереңдетілген (бейінді) деңгейде бағытты оқитын түлек алады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжін бітіргеннен кейін алуға болатын құрылыс мамандықтары ішкі еңбек нарығында сұранысқа ие. Олардың ішінде ең өзекті салалардың бірнешеуі бар:

- құрылыстар мен ғимараттарды пайдалану және салу;
- жол салу және күтіп ұстау;
- жер және мүлік қатынастар;
- құрылыс машиналары мен материалдарды өңдеу жабдықтарын пайдалану.

Құрылыс мамандықтары әлі де өзекті, олардың иелері оңай жұмысқа орналасады. Бірақ сауатты жас маман болу үшін дұрыс колледж немесе техникумды қалай таңдауға болады? Іс жүзінде барлық құрылыс колледждерінен

де құрылыс алаңдарында үлкен практикалық тәжірибесі бар оқытушылар бар. Олар құрылыс саласын болашақ мамандығы ретінде таңдаған жігіттерге тәжірибесін береді. Тәрбие жұмысына, сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінеді.

Заманауи орта деңгейдегі білім беру ұйымдарындағы құрылыс материалдарының зертханалары мен шеберханалары қызметтің осы саласына енгізілген жаңалықтарды ескере отырып жабдықталған. Құжаттарды бермес бұрын құрылыс мамандықтарының бос орындарын мұқият зерттеңіз, ең танымал бағыттарды талдаңыз. Сіз оқуға түсуді жоспарлап отырған құрылыс техникумдарының түлектерінің пікірлерімен танысыңыз. Қазіргі уақытта көптеген құрылыс колледждері ірі мамандандырылған компаниялармен келісім-шарттар жасайды, соның арқасында оқу орнын бітіргеннен кейін түлектер өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасады.

«Сәулет» мамандығы «сызу» бағыты бойынша қосымша емтихан тапсыруды көздейді. Өтініш берушінің техникалық сызбаларды, кестелерді оқу дағдылары болуы керек. Табандылық пен логикалық ойлау ерекше қасиеттердің ішінде жетекші орын алады, оларсыз құрылыс мамандықтарының жоғары сапалы жұмысы мүмкін емес. Кейбір колледждерде қосымша сынақтар енгізілді, олар туралы белгілі бір оқу орнының қабылдау комиссиясында білуге болады.

Құрылыс мамандығын бітіріп шыққан болашақ инженерлер мен сәулетшілер техникалық механиканы, инженерлік графика-

лерімен, инженерлік желілермен, жобалық-сметалық құжаттамамен таныстыру қажет. Соның ішінде біздің оқу орнымызда оқитын барлық құрылыс маман иелеріне төмендегідей талаптар қойылады:

- құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымы, салынып жатқан және реконструкцияланып жатқан объектілердің жобалық-сметалық құжаттамасы, құрылыс нормалары мен құрылыс-монтаждау бұйымдарын өндіру және қабылдау ережелері жөндеу жұмыстары;
- құрылыс машиналарының, шағын көлемді механикаландырудың, механикаландырылған құралдардың, өнеркәсіптік жабдықтардың ұтымды көлемі;
- құрылыс конструкцияларын есептеу және нығайту негіздерін;
- нарықтық экономика негіздерін, еңбекті ұйымдастыруды, жұмыс күшін басқару негіздерін, еңбекақы туралы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді;
- еңбекті қорғаудың негізгі міндеттері, еңбекті қорғау заңнамасының негіздері, қауіпсіздік техникасы негіздері техникалық процестер құрылыс машиналары мен механизмдерін және жұмысын;
- құрылыс өндірісіндегі озық отандық және шетелдік тәжірибе және ғылыми ұйымеңбек;

Білім алушылар мамандықтың «інжілі» болып табылатын арнайы құрылыс нормалары мен ережелерімен танысады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжін-

баның сапасы артады. Кез келген орта деңгейдегі құрылыс білім беру мекемесінде бітіру емтиханы ретінде балалар өз жобаларын ұсынуға шақырылады, онда түлек өзінің инженерлік және сәулеттік дағдыларын көрсетеді. Емтихан комиссиясына жоғары сапалы жұмыс көрсеткен жігіттер оқуын құрылыс саласында жалғастыруды ойлайтын шығар. Олар колледж немесе техникумды бітіргеннен кейін құрылыс тақырыбы бойынша жоғары оқу орындарына құжат тапсыра алады. Болашақ өмірін құрылыс мамандықтарымен байланыстыруға бел бұған негізгі мектеп түлектері саналы таңдау жасауы керек деп ойлаймын. Өндірістік нысандар мен салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасы олардың кәсіпқойлығына байланысты болатынын олар жақсы түсінеді, сондықтан адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапты. Оның үстіне, бұл мамандықтың барлық түрлерінен алыс. Қала құрылысы колледжіннің әрбір түлегі оны әртүрлі құрылыс компаниялары мен жөндеу фирмаларында күтетініне сенімді бола алады. Брақ қазіргі заманғы жұмыс берушілер практикалық дағдылары бар қызметкерлерді таңдауға бейім екенін есте ұстаған жөн. Ал орта арнаулы білім негізінен тәжірибелік сабақтарға бағытталғандықтан, әдетте, ақылды мамандар бәсекеден тыс қалады. Біздің оқу орынды бітірген маман иелері оның ішінде құрылыс мамандары жаппай кәсіп, оның өкілдері еңбек нарығында тұрақты сұранысқа ие. Біздің түлектер өз білімі мен практикалық тәжірибесін қолданудың кең аймағына ие, олар тиімді жұмыс істей алады.

Біздің оқу орынымызда, білім алушылар үшін әртүрлі іс-шаралар мен байқаулар өтеді. Мысалы: спорт (футбол, волейбол, баскетбол, қол күрес, шахмат, тоғыз құмалақ), білім жарыстары, «Жігіт Сұлтаны», «Қыз Сыны» деген сияқты байқаулар өтеді.

Қорытындылай келе, құрылысшы мамандығы маңызды екенін нық сеніммен айтқым келеді. Өйткені, бізді қоршап тұрғанның бәрі: үйлер, зауыттар, дүкендер, бәрі де кәсіпқойлар мен өз ісін жетік білетін санаттағы адамдардың қолымен жасалған. Қарапайым ережелерді үйреніп, сіз дұрыс таңдау жасай аласыз және осы мамандықтың таптырмас маманы бола аласыз. Бұған сенімді бола аласыз.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі, Құрылыс бұйымдары мен құрастырылмдар өндірісі мамандығының оқытушысы, Асанова Ақтоты Сейділдақызы**



ны, құрылыс конструкцияларын, сорғы және қазандық конструкцияларын, электроника және электротехника, геодезия және геология негіздері.

Түркістан облысы, Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжіннің оқу-орын қабырғасында білім алушылар экономика негіздерімен, ақпараттық және инновациялық құрылыс технологияларымен танысады. Әлеуетті құрылысшыларды құрылыстар мен ғимараттарды техникалық пайдалану ереже-

де оқи отырып, білім алушылар сырлау, қаптау, ағаш ұстасы, сылақ жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды алуы керек. Заманауи құрылысшылар өз жұмыстарында инновациялық компьютерлік технологияларды пайдаланады, сондықтан компьютерді жақсы пайдаланушы болу өте маңызды. Қазіргі уақытта көптеген бағдарламалар бар, олардың арқасында болашақ құрылымның нобайы бойынша жұмыс айтарлықтай жеңілдетілді, дайын жо-

- прораб, прораб, құрылыс учаскесінің бастығы;
- қауіпсіздік техникасының маманы;
- инженер-конструктор;
- жылжымайтын мүлік агенті;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың техникі;
- құрылыстағы маркшейдер;
- бухгалтерия маманы;
- логистикалық техник;
- менеджер;
- құрылыс материалдарының кеңесшісі.





# О МАЛОЭТАЖНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ



Архитектор, если он хочет идти в ногу с жизнью, обязан знать и уметь применять не только архитектурные формы, орнаменты и различные декоративные элементы, он должен знать прогрессивные материалы, железобетонные конструкции и детали, прежде всего, должен отлично разбираться в архитектурно-планировочных решениях, в генеральных планах, так как город Шымкент относится к 3 мегаполису республики а также в вопросах экономики и строительства. Оглянитесь вокруг — во всех городах, и больших и маленьких, ведётся масштабное бесперебойное строительство. Это и жилые комплексы, и грандиозные объекты для спортивных состязаний в Шымкенте, Туркестане, промышленные предприятия, заводы и склады, школы и больницы, аэропорты и электростанции...

Активно ведётся и частное строительство - загородные дома, дачи, коттеджи, бани. Всё это строят тысячи специалистов: архитекторы, дизайнеры, строители. Эти профессии востребованы во все времена, потому что строительство всегда идёт вдогонку потребностям людей к жилью и прочей инфраструктуре.


Архитектурно-строительная отрасль бурно развивается в сфере новых технологии строительства и с использованиями новейших материалов, что требует постоянного притока молодых перспективных специалистов. В Казахстане имеется 11 ВУЗ по специальностям ар-

хитектура и строительство, один из которых находится в Алматы «КазГАСА», остальные в областных городах практически каждого региона. Все ВУЗы могут гордиться своей славной многолетней историей, высокими стандартами обучения. Архитектор-градостроитель призван создавать и творить наилучшие условия для жизни не только современников, но и будущих поколений.

В комментариях или статьях в прессе, которые оставляют в социальных сетях жители старых многоэтажных домов, в большинстве случаев жильцы, которые не хотят жить в узких квартирах, пишут,

что хотели бы жить в коттеджах с земельным участком. Со стороны государства не предоставляются земли под индивидуальное строительство. Теперь остановимся на этом вопросе и обсудим шире. Что будет, если большие города будут расширяться по площади, предоставляя такие земельные участки?

Расселение городов означает увеличение площади городов путем уменьшения плотности населения. Хотя поначалу кажется, что каждому человеку комфортно жить на своей земле не запретишь, на самом деле от этого процесса будет много минусов.





Проще говоря: такая идея - это то, что люди своими руками копают траншею и хоронят город. А почему так получается, потому что большинство с начала строить без проекта, без согласия архитектора. Когда достроить дом, начинают собирать документы для оформления. Вот оттуда и начинается разбирательства с генплана, они не знают где красная линия, сколько метров от забора соседа до дома, сколько метров от тротуара, от дороги или улиц. Поэтому с начала надо получить АПЗ, разработать и утвердить проект а потом строить.

Изначально такая застройка лишает людей возможности добраться до пункта назначения общественным транспортом, инфраструктурой города. Это неэффективно и дорого. В результате большинству жителей придется ездить на личном транспорте. Велосипед в этом тоже не поможет, так как до магазинов может быть несколько километров. Это основной актуальный вопрос. Здесь - из спальных коттеджных районов, не говоря уже о том, чтобы каждое утро выезжать в город, а вечером-обратно!

В западных странах таким районам предшествует строительство автодорожной сети. А у нас все наоборот: сначала дома, потом дороги и коммуникации. Город будет увеличиваться, и когда придет время, все это придется снести заново. Непокоримая потеря: и для государства, и для жителей! Работа архитекторов и строителей в последние десятилетия стала более творческой, интересной. Если в советские времена строились, в основном, безликие типовые коробки, то сейчас используются всевозможные архитектурные стили даже в строительстве небольших загородных домов. А современные технологии и материалы способствуют быстрому строительству наиболее прочных, высоких, красивых зданий, способных выдержать различные стихийные воздействия: низкие минусовые температуры, сильные ветры, сейсмическую активность.

Во-вторых, по мере увеличения численности населения будет увеличиваться количество пробок. Массовая посадка в машину может привести к ожирению людей и привести к болезням, поскольку ходьба или езда на велосипеде становятся невозможными. Массовое использование автомобилей портит экологию и еще больше ухудшает здоровье. Также невыгодно и не хватает средств на строительство социальных зданий и больниц на окраинах такого города. У нас достаточно земли!?. Только одно государство долгое время строило и развивало города с такой тенденцией. «Американская мечта» -эта тенденция возникла не спонтанно. Более того, это грандиозное малоэтажное строительство - по одному-двум автомобилям в каждый дом-способствовало развитию корпораций, занимающихся автомобильным производством. Через 70 лет после этого наблюдается обратный процесс. Люди вновь стали переезжать в квартиры многоэтажек в центре города. Это можно четко проследить, сравнив американские сериалы 10-20 лет назад. Современные герои живут не в



пригороде, а в городских центрах. Видимо надоело сидеть за рулем авто.

Именно по этой причине весь мир стал проектировать градостроительную концепцию, сделав ее компактными городами и удобными для доступа к основным зданиям, общественным транспортом. Это очень выгодно и недорого. Также полезно для здоровья жителей.

Это не привязка всего населения к панельным домам, а призыв к жизни в городе, который спроектировал комфортные кварталы на территории города, построил среднестатистические дома

и, с одной стороны, создал благоприятную среду для жизни, учитывая среднюю плотность населения, с другой. Сфера строительства — передовая, она всегда идет впереди всех отраслей. Сначала строится объект, а уже потом в нём возникает производственная или иная жизнедеятельность. Поэтому профессии архитектора и строителя всегда будут почетными и востребованными. Мы объединили фундаментальную теоретическую подготовку с новейшими практическими знаниями, приблизив формат обучения по самым актуальным направлениям к лучшим европейским образ-

цам. Мы постоянно модернизируем образовательное пространство, стараясь сделать его максимально эффективным и близким к требованиям рынка.

**доцент, канд. архитектуры.каф. «Архитектура» Нсанбаев Б.С. преподаватель каф.«Архитектура» Почетный Архитектор Казахстана, вице-президент СА РК А. С. Мамырбаев**





# «Өзіңе сен!»



П.ғ.к., доцент Е.О.Балабековтің «Қазақ музыкалық фольклоры» сабағында айтқан «концерт - режиссердің тақырыпты ашу шеберлігі негізінде өнерпаздардың өнер сайысына ұқсап кететін мәдени іс-шараның бір формасы» - деген анықтамасы санамда берік сақталыпты. Бұдан шығатын түйін, драматургиялық үдерістің 5 заңдылығы орынды болса, яғни көрерменді концерт алдында (дәліздегі), орынға жайғасқанда психологиялық дайындау, экспозицияда келушінің назарын бірден аударып, қайда? не үшін келгенін есіне салып қою, байланыстыру, негізгі әрекет, кульминация және шарықтау шегі немесе финал кезеңдерінің қағидаларын сақтаса мәдени іс-шара да аудиторияға зор ықпалын тигізеді.

2022 жылғы сәуірдің 12-ші жұлдызы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Бас ғимаратының салтанат залында «Мәдени және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы, «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының түлегі, жарқын жан, Шымкент қаласының белсенді жастарының бірі, С.Калиевтің жеке қайырымдылық концерті өтті. Шығармашылық кеште басты кейіпкердің өнердегі, өмірдегі достары, бауырлары өнер көрсетті. Олардың арасында ел намысын Азия, әлем елдері ойындарында қорғаған Ермек Қалымбетов, облыстық, республикалық ән байқауларының жеңімпазы Ақмарал Басымбек сияқты таланттар да баршылық.

Жоғарыда сипатталған заңдылыққа сәйкес Салихтың жеке қайырымдылық кешінде көркемдік мәнерлеу құралдары өте ұтымды қолданылды, яғни көркем сөз де, ән де пластика да, театрлық кештің кейбір элементтері де өзара үйлесті.

Қасиетті айда өткізіліп отырған мәдени іс-шараның ұйымдастырылуының басты себепкері - алып университетіміздің Басқарма төрағасы – ректоры Дария Пернешқызы Қожамжарова болса, концерттің кәсіби деңгейде өтуіне жауапкершілік алып, белгілі міндеттерді атқаруға өзге тұлғалар да атсалысты. Олар: Бірінші проректор Қ.Е.Нұрманбетов, Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор С.Қ.Бейсенбаев, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор С.А.Мәжінбеков, «Театр және эстрадалық шығармашылық» кафедрасының меңгерушісі Қ.А.Жолдасбекова және оқытушылар Ләйлә Жұмабекқызы, Бақтыгүл Қонысбайқызы, студенттерді әлеуметтік қолдау бөлімінің басшысы Ә.А.Мамыт.

Осы күнге дейін С.Калиев қала, аудан деңгейінде көптеген қайырымдылық концерттер беріп, аз қамтылған жанұяларға, көмекке мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді өмірінің ажырағысыз бөлшегі етіп алған. «Бір үміт», «Анаға сағыныш», «Мы жалаем счастья вам» сияқты қайырымдылық концерттер сонын айғағы.

Мәдени оқиға аяқталған соң грим бұрышындағы Салихтан жиналған қаржының қайда жұмсалатынын сұрап үлгердік. Концерттен түскен қаражат әншінің отбасы банкіндегі жеке шотына аударылмақ. Балалар үйінде бірге өскен бауыры 2020 жылы алаяқтардың құрбаны болып, Шымкент қаласы әкімдігінен алған пәтерін сатып, досына көмектесіп өзі баспанасыз қалған. Өмірдің көлеңкелі тұстарында қалып қоймай, жеке концерттер беріп өз-өзіне көмектесіп жүрген жас азаматтың бүгінгі шығармашылық кешінің «Өзіңе сен» деп аталуы да содан.





Қиын жағдайда қалған түлегінің тағдырына бей-жай қарамаған ЖОО басшылығы, кураторы болған Т.В.Тарасенколар тарапынан әлеуметтік-моральдық қолдаулардың болуы да мықты тұлғаның шыңдалуында өз үлес салмағын қосқан сияқты.

Алдағы айларда бұл әнші жігіттің еліміздің батыс бөлігіне гастрольдік сапарын (концерт-тур) жоспарлауы бүгінгі ұмытылмас кештің заңды жалғасы болатынына, үлкен сахналарды бағындыратынына кәміл сенеміз!

**Мәдениет және спорт факультетінің оқытушылары, п.ғ.к., доцент Т.В. Тарасенко, Х.Ж. Смағұл**



# ҚАРТТАРЫМ АСЫЛ ҚАЗЫНАМ



Қазақ халқының бір бұлтартпас тамаша қасиеті - өзімдікі, өзгенікі деместен үлкенді сыйлау, құрметтеу туа қанға сіңірген тәрбие. Бұл ата-бабаларымыздан келе жатқан аманат дәстүр. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): Алла разылығы ата-ана разылығында - деген қағида сөз санамызға етене сіңген. Әлбетте әрбіріміздің қарттарды сыйлап, үлкенге құрмет көрсету кішілік парызымыз.



2022 жылдың 22 сәуірде «Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласының қарттар үйінде «Қарты бар елдің қазынасы бар» - атты мерекелік іс-шара өткізілді. Декан орынбасары міндетін атқарушы Алмасхан Бекзатов және Жоғары мектептің белсенді жастарының

қатысумен концерттік бағдарлама көрсетілді.

Ұжым жетекшісі қарттар үйіндегі барлық тұрғындарын үлкен залға жинап біздерді қарсы алып бәйек. Қарт болғанымен көңілдері жас. Олар, әлі де әсем әуенмен тербеле билеп, ән айтуға құшарланып отыр. Барлығы бір дастархан басын-



да жиналып, өткенді еске алып, қызықты да әсерлі әңгімелерін айтып, көңілдері бір демделіп қалғандай болды. Өнегелі әңгіме өрбітілді.

Мұндай мүмкіндік олар үшін күнде бола бермейтіні рас. Ақсақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әже - апаларымызға арналған бұл іс-шарамызда,

тірліктің ағымындағы мәселелеріне байланысты сахыналық көріністер көрсетіліп, әуезді әндер айтылды. Шәмші ағамыздың әні орындалғанда қарттары да, жастары да әнге қосылып бір тербеліп қалысты.

Қоштасарда ұжым жетекшісі осындай іс-шараның жиі болып тұруын қалайтындарын айтып,

қайта - қайта жеткізіп жатты. Қарттар да бойынан бірнеше жас мөлшерін иықтан тастағандай әсермен қош айтыстық.

**«Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебінің декан орынбасары А.Бекзатов**





# Халқымыздың інжу-маржаны, асыл қазынасы

## ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯН СҰЛУ ЭПОСЫ —



Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебі 2022 жыл сәуірдің 13-і күні ерікті жастармен және белсенді студенттермен бірге «Махаббат қызық мол жылдар» атты концерттік бағдарлама өткізді.

Мерекелік концертке көптеген қонақтар шақырылды: Әлеуметтік және тәрбие жұмысының орынбасары Мереке Ережепқызы және факультет, жоғары мектептер кафедраларының меңгерушілері.

Мерекелік іс-шараның басталуы жоғары мектептің деканы С.У. Еркебаеваның және тәрбие ісі бойынша декан орынбасары Алмасхан Бекзатовтың барша қауымды атаулы мерекемен құттықтау жылы лебізін білдірумен ашылды.

Осыдан 5 – 10 жыл бұрын 14 ақпан жақындаған сайын көшеде қызыл жүрекшелерден аяқ алып жүру мүмкін болмайтын кездер болатын еді. Өзіміздің университет ішінде де студент жастар арасында «валентинкалар» таратып үбір-дүбір болып жататын. Демек, оның тарихы мен ұғымынан бейхабар болса да, жастар үшін махаббат күнінің болғаны керек болғанын байқататын. Бұл мейрам жастардың жалын алауын оятатыны байқалатын. Алайда «Валентин» деген кім? – болмысы таныс емес атаумен мереке тойлағанша, осы мерекені қазақтың ауызда жүрген аңызы «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» күні деп белгілеп, дәстүрге айналдырсақ деген мақсатпен осы 15 сәуір - махаббат күніне мерекелік іс-шара ұйымдастырып отырмыз.



Әуендете орындалған әндер, нақышына келтіріліп билеген бишілердің тартуы, мерекенің ажарын ашты. Белсенді студенттердің бұл мерекеге барлық құштарымен ат салысып, жоғары дәрежеде аталып өтілгені біздерге де қуаныш сыйлады. Әбілқас Жанеркенің орындауында «Шын ғашықтар» әні керемет орындауымен сахна төрін әрлендірді. Сан қилы би көріністерімен жоғары мектеп белсенділерінің орындауында «Белый вальс» биі орындалды.

«Қыз Жібек пен Төлеген» эпосынан сахналық көрініс ұсынылды. «Тақиялы періште» кинофильмінен үзіндіні студент жастарымыздың бар ынтықпен орындауы, олардың мамандықтан да басқа шеберлік қырларының барын көрсетті. Осы фильмдегі «Одиссей» биі де сахнаның көрінісін ажарландыра түскендей болды. Мерекелік іс-шараға факультет қонақтары да шақырылды. Қонақтар арасынан Құрылыс факультетінің студенті Қошманов Мұрат пен Бағланнның орындауында «Асылым» әні қонақ кәде тартуындай болды. Мереке соңында барлық студент жастар сахнаға шығып «Бақыт деген» әнін шырқата айтып, «Атаулы мереке» келесі келгенше деп хош айтыстық.



Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебінің тәрбие ісі бойынша декан орынбасары А.А.Бекзатов.





# ЖАНАШЫР ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Досымхан Рахымбек 1947 жылы 30 сәуірде Төлеби ауданы, Зағамбар елді мекенінде туылған. 1966 жылы Шымкент қаласындағы №51 орта мектепті бітірген. 1970 жылы Шымкент педагогика институтының «математика» мамандығын үздік дипломмен аяқтағаннан кейін, 1970-1973 жылдары Шымкент қаласындағы Жамбыл атындағы №26 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі, 1973-1993 жылдар аралығында Шымкент педагогика институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. 1993-1995 жылдары Шымкент дене тәрбие институтында кафедра меңгерушісі, ал 1995-1997 жылдары докторантурадан тыс докторлық диссертация дайындау үшін аға ғылыми қызметкерлікте болды. 1998 жылдан 2013 жылға дейін М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі, профессоры қызметтерін атқарды. 2013 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде профессор қызметін атқарған.

1978-1981 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтының аспирантурасында оқыды. 1984 жылы Киев қаласындағы Украина педагогика ғылыми-зерттеу институты жанындағы Арнайы Диссертациялық Кеңесте математиканы оқыту әдістемесінен кандидаттық диссертация қорғады. 1998 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде 13.00.02 - математиканы оқыту әдістемесі мамандығы бойынша «Болашақ математика мұғалімін оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіру жұмысына дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған. 2002 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрілігі Жоғары Аттестациялық Комитетінің шешімімен профессор ғылыми атағы берілген. 2014 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының ТОЛЫҚ МҮШЕСІ (академигі) болып сайланды.

Досымхан Рахымбек саналы өмірін жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне, тынымсыз ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға, оқу-әдістемелік әдебиеттер жазуға арнады. Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмысы мектеп математика курсының оқыту мен математика мұғалімінің кәсіптік дайындығы мәселелеріне бағытталған. Оның 300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Ол 2 монография, 50-дан астам оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы, 6 электрондық оқулық дайындаған. 5 еңбегіне авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілген.

2000 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті базасында, «Математиканы оқытудың әдістемесі» саласынан диссертациялық кеңес ашылуына мұрындық болып, сол диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, кейіннен өмірінің соңына дейін кеңес төрағасы қызметін атқарды. Досымхан Рахымбекұлының ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты, 2 PhD докторы даярланып, ғылымның даңғыл жолына түсті. Сонымен қатар 17 ғылым магистрлеріне ғылыми жетекшілік жасады. Ғылыми-зерттеу жұмысы негізінде екі монографиясы жарық көрген: «Оқушылардың логикалық-методологиялық білімдерін жетілдіру» (1998), «Мектеп математика курсына дәлелдеуге үйрету» (2009). Ақыл-кеңес сұраған

шәкірттеріне, ой бөліскен әріптестеріне тынбай көмектесетін еді. Бұл – ғалымның жүрегінің кеңдігін, ғылымға жанашырлығын білдірсе керек.

Д. Рахымбек математиканы оқыту әдістемесі пәнінен оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар дайындау мен оларды жарыққа шығаруда жемісті еңбек етті. Ол, Қазақстанда бірінші болып, математиканы оқытудың дербес әдістемесінің барлық бөлімдері (арифметика, алгебра және анализ бастамалары, геометрия, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика) бойынша кітаптар жазды: «Арифметика, алгебра, анализ бастамаларын оқыту әдістемесі» (2016), «Мектеп геометрия (планиметрия) курсының оқыту әдістемесі» (2015), «Мектеп геометрия (стереометрия) курсының оқыту әдістемесі» (2015), «Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін мектепте оқыту әдістемесі» (2012).

Д. Рахымбек және оның шәкірттері Республикамызда алғашқылардың бірі болып математика мұғалімдері мен студенттерге арнап «Элементар математика» пәнінің толық курсына жасауды қолға алған. Қазіргі кезде мынадай бөлімдер жарық көрген: «Элементар математика: планиметрия есептерін шығару» (2016), «Геометриялық есептерді шығару практикумы (Стереометрия)» (2016), «Алгебралық және тригонометриялық өрнектерді түрлендіру» (2015), «Геометриялық салу есептері» (2015), «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» (2014).

Ғылым жолында тапжылмай жасаған еңбектері еленіп, Білім және ғылым министрлерінің қолынан бірнеше марапаттар алған. Атап айтқанда, 2007, 2014 жылдары Қазақстан Республикасы «Жоғары оқу орынының үздік оқытушысы» атағының иегері, ал 2015 жылы Ы.Алтынсарин атындағы медальдың, 2017 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалінің иегері атанды. Сонымен қатар, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Д. Рахымбек математика мұғалімінің әдістемелік дайындығы және мектеп пен Жоғары оқу орыны математика курсының мазмұнын анықтауға байланысты мәселелерді талқылауға белсенді ат салысты. Басылым беттерінде оның сыни көзқарастары мен оқыту сапасын жетілдіруге бағытталған көптеген мақалалары жарық

көрген. Ақпарат құралдары көмегімен де өз ойын айтудан талмайтын ғалымның мақалалары, көтерген мәселелері өзекті болды, кейде оң шешімін де тауып жатты, тақырыптарына зер салсақ, «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген: «Білім стандарттарындағы ала-құлалық мұғалімдер даярлау ісін маңытпай отыр», «Жаңа стандарт жобасындағы жаңсақтық бастауыш мектеп оқушыларына қиындық келтіреді», «Өзгені де ұлықтайық, өзімізді де ұмытпайық», «Оқытудың "Кембридж" тәсілі бізге таңсық па?», «Оқушылар білімі неге төмен?», «Жаңартылған» бағдарламаның жаңалығы қандай?», «Оқыту мазмұны оқушы шамасына лайық болу керек», «Математикалық сауатсыздыққа апармай ма?», «Математика оқулықтарының сапасын ойласақ», «Айқын» газетінде жарық көрген: «Мұғалімдерге «Кембридж тәсілі керек пе?», «Математиканы жаңартылған бағдарлама бойынша оқытуда ұқыпты болайық» және т.б. мақалалары республикалық, облыстық, жергілікті басылымдарда жарық көрген.

Қоғамның дамуына қатысты атқарған еңбектерінде жетерлік. Мысалы, 2012 жылдан бастап шығарылып келе жатқан Республикалық Ғылыми-әдістемелік «Математика дидактикасы» журналының бас редакторы ретіндегі жұмыстары, «Оңтүстік Қазақстан облысы математика мұғалімдері мен оқытушылары қауымдастығы» қоғамдық бірлестігін құрудағы қажырлы еңбегі – ғалымның еліміздегі математикалық білім беру саласындағы түйткілді мәселелерді шешуге қомақты үлес қосты.

Еліміздің «Математиканы оқытудың әдістемесі» саласының дамуына өлшеусіз еңбектер қосып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған, шәкірттерге білім беру мен тәрбиелеуде абыройлы еңбегімен көптің илтипатына бөленген, өзінің тереңде нәрлі білімін студенттерге, магистранттар мен PhD докторанттарға жеткізе білген ғалым-ұстаз, академик РАХЫМБЕК Досымхан ағамыз ортамызда болғанда, осы сәуір айының 30-жұлдызында 75 жасқа толар еді. Ғалымның жарқын бейнесі әрдайым шәкірттерінің жүрегінде болады.

**«Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Мадияров Нұрлыбай Көкешұлы**



# Юбилей .80 лет

## у педагога, воспитателя, ученого, выпускника КазХТИ, Высоцкой Надежды Андреевны



Ученый, опытному педагогу ЮКУ им.М.Ауезова, к.х.н., профессору кафедры «Химия и основы химической технологии» Высоцкой Надежде Андреевне исполнилось 80 лет.

Надежда Андреевна после окончания школы прошла обучение в Техническом училище, которое закончила с отличием, приобретая рабочую профессию «токарь пятого разряда». По окончании училища работала в механическом цехе Свинцового завода токарем. Мастерство и успехи, проявленные в работе, были отмечены медалью «За доблестный труд».

Работа на заводе закалила ее характер, приобщила к самостоятельному принятию решений. В 1962 году она поступила в Казахский химико-технологический институт по специальности «Электрохимическая технология», который успешно закончила в 1967 году, получив квалификацию инженер-химик-технолог. После окончания института оставлена на кафедре «Электрохимическая технология», где закончила аспирантуру и успешно защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата химических наук. Свои первые шаги в преподавании были сделаны на кафедре «Электрохимическая технология», одновременно проводила научные исследования по хоздоговорам с отраслевыми предприятиями, в частности с фосфорным заводом г.Чимкент, Белорусским Технологическим институтом, работая в должности старшего научного сотрудника.

Целью хоздоговорных работ с Чимкентским и Таразским фосфорными заводами были исследования по утилизации фосфорных шламов для электролитического получения феррофосфора и дальнейшей его переработки на ценные продукты - белая сажа. Результаты исследований внедрены в производство и подтверждены Авторским свидетельством СССР в соавторстве с Журиновым М.Ж., Альжановым Т.М.

В период с 1980г. по 2008г. работала преподавателем кафедры «Общая и неорганическая химия». За время работы на кафедре со студентами первых курсов накапливала опыт педагогический и воспитательный. Прошла путь от преподавателя до доцента, дала знания по химии тысячам студентов, получила и закрепила творческие и исследовательские навыки.

С 2008 года и по настоящее время работают доцентом кафедры Химия и основы химической технологии».

В течение всех лет пребывания в университете проводила исследования по усовершенствованию технологии электрохимического способа защиты от коррозии металлических изделий гальваническими покрытиями никелем, кадмием, цинком и другими металлами. Результаты ее исследований публикуются научных журналах РК, России, дальнего зарубежья, она активно выступает с докладами на Международных конференциях респу-

бликанского масштаба и ближнего зарубежья. Многие результаты исследований отмечены Международными конкурсами работников образовательной сферы «Инновационные технологии XXI века», организованными Центром научной мысли Россия, дипломами за I место в Международном конкурсе работников образования «От истоков к современности», Россия. По результатам исследований она имеет Авторские свидетельства СССР и Инновационные Патенты РК. По результатам исследований ею опубликовано более 270 научных трудов, в том числе 6 авторских свидетельств СССР и патентов РК, опубликовано 10 учебных пособий, успешно используемых студентами в процессе обучения, выпущено более 50 методических указаний к лабораторным и практическим занятиям, к самостоятельной работе, а также 7 электронных учебников. В издательстве «ЭВЕРРО» г.Алматы издано учебное пособие «Нанотехнологии и наноматериалы».

Высоцкая Н.А. на высоком профессиональном уровне проводит все виды занятий, предусмотренные учебным планом бакалавриата, магистратуры. Под её руководством выполнен научно-исследовательский проект по гранту МОН РК «Разработка инновационной технологии по повышению энергоэффективности систем теплоснабжения». К работе активно привлекаются студенты и магистранты. Результаты исследований внедрены на ряде предприятий города Шымкента.

Высоцкая Н.А. к своим должностным обязанностям относится с большой ответственностью, неоднократно отмечена грамотами МОН РК и благодарностями. Среди коллег и студентов пользуется заслуженным уважением и авторитетом. В течение всей своей педагогической деятельности в университете зарекомендовала себя как грамотный, высококвалифицированный специалист, умелый организатор учебного, научного и воспитательного процессов. Высоцкая Н.А. высокий профессионал, обладает высокой культурой поведения, принципиальна и честна. Ее плодотворная педагогическая деятельность способствует сохранению научного и образовательного потенциала казахстанского образования и науки.

Но не только в науке и педагогической деятельности проявила свои незаурядные способности Н.А.Высоц-

кая. В течение многих лет ее сопровождал профессиональный спорт. В составе сборной команды Казахстана по гандболу общества «Буревестник» она удостоена звания «Мастер спорта СССР», чемпионка СССР по горному туризму, чемпионка Республики Казахстан по возрастному ГТО, имеет первые разряды по легкой атлетике, настольному теннису, баскетболу.

Высокий уровень эрудиции, сила духа, энергетизм, талант исследователя и педагога, закалка в спорте – вот те качества, которые характеризуют ее как блестящего педагога, ученого и спортсмена.

Н.А.Высоцкая – эталон педагогического мастерства, образец доброго и уважительного отношения к студентам, коллегам и просто к людям, она всегда наполнена новыми творческими планами. От имени коллектива ВШ «Химическая инженерия и биотехнология» поздравляем Высоцкую Надежду Андреевну 80 летним юбилеем. Желаем крепкого здоровья и творческих успехов в работе.

**Кандидат технических наук,  
профессор кафедры «ХиОХТ»  
Кабылбекова Б.Н.**

**Меншік иесі:** Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.**

**Редакциялық кеңес:**

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** -

М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор

**Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич** - бірінші проректор

**Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы** - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

Журналист, корреспондент: **Пернебек Манасбек**  
Дизайнер: **Наиля Заббарова**

**Редакция мекенжайы:**

Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат,  
2 қабат, 263 каб.,  
[gazeta@aeuzov.edu.kz](mailto:gazeta@aeuzov.edu.kz)